



ШАҒАР
ШЕЖІРЕСІНЕН
СЫР ШЕРТКЕН

5-БЕТ | ЕЛОРДА



ТАЛДЫКӨЛ ҚАЙТА
ТҮЛЕЙДІ

7-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

Құрбан айтін тәтәтәт бәтәтәт!

Ертең елімізде Құрбан айт мейрамы басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бекіткен 2023 жылғы діни күндер кестесіне сәйкес, Құрбан айттың бірінші күні 28 маусымда басталып, 30 маусымда (үшінші күні) аяқталады. Құрбан айттың негізгі мақсаты – Алла Тағаланың разылығы үшін құрбандыққа мал шалу. Бұл мереке қарсаңында миллиондаған мұсылмандар Арафат жазығында құлшылық етіп, дұға оқиды. Құрбан айтта құрбандыққа мал шалу – Ханафи мәзһабында шамасы жеткендерге ғана уәжіп, яғни міндет саналады. Астанада Құрбан айт намазы таңғы 6:00-де оқылады.



№75
(4508)

Сейсенбі
27 маусым
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:

ҚАЗАҚТА ГАЗЕТА, ЖУРНАЛ,
КІТАПТАР ЖОҚ КЕЗІНДЕ ЖОҒАЛМАҒАН
ТІЛ ГАЗЕТА, ЖУРНАЛЫ ШЫҒЫП,
КІТАПТАРЫ БАСЫЛЫП, ЖЫЛДАН-
ЖЫЛҒА ІЛГЕРІ БАСЫП КЕЛЕ
ЖАТҚАНДА, ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖОҒАЛМАС.



ЕРТЕҢ – ЖУРНАЛИСТЕР МЕРЕКЕСІ

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні.

БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында еліміздің жетекші мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп жүрген журналистер мен басқа да қызметкерлерге Астана төрінен пәтер сертификаты салтанатты түрде табыс етілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша БАҚ қызметкерлеріне пәтер кілтін Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары – Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай тапсырып, Мемлекет басшысы отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөлетінін айтты. Президенттің еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін қолдау жөнінде шешім қабылдағанын жеткізді.

Пәтер сертификатына ие болған БАҚ саласының 65 қызметкері елордада жаңадан бой көтерген әуелім үйлердің біріне жуырда қоныстанады.



БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

Елорданың 25 жылдығына орай III халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестивалі ашылды. Жастар сарайынан Музыкалық жас көрермен театрына дейінгі фестиваль қатысушыларының салтанатты шеруімен басталған шара 29 маусымға дейін жалғасады. Биылғы фестивальге Қазақстанның қуыршақ театрларымен қатар Қытай, Перу, Түркия, Сербия, Эстония, Ресей, Өзбекстан сияқты елдерінің балдырғандарға арналған 13 театры қатысып жатыр.

12

«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Жаңартылған «Қазақстан-2050» стратегиясының жоспары әзірленіп жатыр.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінде «Қазақстан-2050: пайым» және «2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары» тақырыбында стратегиялық сессия өтті.

Іс-шараға қатысқан белгілі сарапшы-экономистер Қазақстан-2050 жаңартылған стратегиясы және 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын айқындауға, Қазақстанның даму басымдықтарына, сондай-ақ, жоғарыда аталған құжаттарды

әзірлеу тәсілдеріне қатысты өз пікірін білдірді.

Сонымен бірге, сессияға қатысушылар «бірінші кезекте адамдар» негізгі қағидатын айқындай отырып, құжаттардың форматын қайта қарау қажеттігіне тоқталды.

«Қазақстан-2050» стратегиясын жаңарту және 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын әзірлеу мәселелерін талқылаудың осындай форматы жүйелі негізде жалғасады.



ЕЛОРДА КУБОГЫ САРАПҚА САЛЫНАДЫ

Астанада бокстан «Елорда кубогы» халықаралық турнирі басталды. Дәстүрлі жарыс 27 маусым-2 шілде аралығында өтеді.

Астананың 25 жылдығына арналған жарысқа Өзбекстан, Үндістан, Моңғолия және басқа да елдердің боксшылары қатысады. Қазақстан атынан қандай боксшылардың шығатыны белгілі болды.

Турнирде қыздар бәсекесі де өтеді. Жарыстың жүлде қоры: 1-орын – 700 доллар; 2-орын – 400 доллар, 3-орынға 200 доллар болып бекітілді.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 485.5 \$ USD/KZT 447.05 ₸ RUB/KZT 5.32 ¥ CNY/KZT 63.43

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ТАТУ КӨРШІ ӘРІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанның Жогорку Кенеш төрағасы Нурланбек Шакиевті қабылдады. Мемлекет басшысы Нурланбек Шакиевке ілтипат білдіре отырып, екі ел арасындағы қатынастарды дамыту және парламентаралық байланыстарды нығайту маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қырғызстан – Қазақстан үшін тату көрші, бауырлас мемлекет және стратегиялық серіктес.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы бүгінде қазақ-қырғыз қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын, оған үкіметаралық және парламентаралық деңгейдегі өзара іс-әрекет ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ айналымын 2 миллиард долларға дейін жеткізу көзделіп отырғанын айтты.

Президент қол жеткізілген уағдаластықтар елдеріміз ара-

сындағы ынтымақтастықтың көптеген бағытының дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді. Сондай-ақ Қазақстан бауырлас Қырғызстанмен одақтастық қатынастарды жан-жақты нығайтуға ниетті екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Нурланбек Шакиев кездескені және қазақ халқына тән қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың ізгі тілегі мен сәлемін жеткізді. Спикердің айтуынша,

Қазақстан мен Қырғызстан барлық жағынан ең жақын елдер саналады және өзара түсіністік пен қолдауға негізделген жан-жақты ынтымақтастық тереңдеп келеді. Сонымен қатар ол Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға қолдау білдірді.

Кездесуде Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентіне ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗ БАҒАСЫ ӨСЕДІ

1 шілдеден бастап Қазақстанның жанармай құю бекеттерінде сұйытылған газ бағасы қымбаттайды. Анығын айтқанда, сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада сату бағасын республика бойынша қосымша құн салығын қосқанда 1 литріне 4 немесе 6 теңгеге дейін қымбаттату ұсынылды.



«Газ және газбен жабдықтау туралы» заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап

Энергетика министрлігі автогаздың көтерме бағасын 33600 теңгеден 40320 теңгеге дейін көтеруді жоспарлап отыр.

Осылайша, Астанада автогаз бағасы литріне 70 теңгеден 76 теңгеге, Алматыда 75 теңгеден 81 теңгеге, Шымкентте 60 теңгеден 64 теңгеге дейін көтеріледі. Өңірлерде автогаз бағасы облыстың шалғайлығына байланысты өзгеріп отырады. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында 70-75 теңгеден 76-81 теңгеге дейін, Атырау облысында 50-55 теңгеден 54-59 теңгеге, Алматы облысында 75-80 теңгеден 81-86 теңгеге дейін, Солтүстік Қазақстан облысында 75-80 теңгеден 81-86 теңгеге дейін, Маңғыстау облысында 50-55 теңгеден 54-59 теңгеге дейін қымбаттайды. Құжат 12 шілдеге дейін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

ШҰҒЫЛ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫН МАҚҰЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті. Жиын барысында Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы жағдайға байланысты берген тапсырмаларын орындау шаралары туралы Премьер-министрдің, Бас прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Қорғаныс, Ішкі істер және Сыртқы істер министрлерінің баяндамаларын тыңдады.

Бұл оқиға Ресейдің ішкі мәселесі екеніне қарамастан, аталған жағдайға еліміздің азаматтары алаңдаушылық танытты. Қазақстан мен Ресей арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр. Президент Ресей Қазақстанның стратегиялық серіктесі екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесу барысында Ресей билігінің конституциялық тәртіпті орнату және өз азаматтарының

қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларын қолдағанын еске салды. Мемлекет басшысы әскери іс-қимылдарды тоқтату жөніндегі келісімді құптады. Президент кез келген мемлекеттің ішкі саясатында, соның ішінде Қазақстанда да, қоғамдық тәртіп пен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің негізі ретінде заң үстемдігі қағидаты басты басымдық болуға тиіс екенін айтты.

Жиында еліміздің қаржы-экономикалық тұрақтылығын және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет екені атап өтілді. Президент барлық ведомство басшыларына дағдарыс жағдайындағы ықтимал қатерлерге қарсы әрекет етуге дайын болуды тапсырды. Қауіпсіздік кеңесі отырысының қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Үкімет әзірлеген шұғыл іс-қимыл жоспарын мақұлдады.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР КӨПТЕП САЛЫНАДЫ

Биыл елордада 11 мектеп салынады, 15 Оқушылар сарайы құрылысы жоспарда бар. Бұл туралы Астана қаласының басшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің нысандарымен бірге әлеуметтік объектілер де саламыз. Бүгін бірқатар мектептер мен Оқушылар сарайының құрылыс барысымен таныстым. Мәселен, қазіргі уақытта 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр, оның 11-ін жаңа оқу жылы ішінде ашамыз. Бұл жаңа мектептер құрылысы жүріп жатқан жаңа аудандарда да, оң жағалауда да, елді мекендерде де орналасқан. Сонымен қатар

олардың бір бөлігі апатты күйдегі мектептерді алмастырады. Сол сияқты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астанада алдағы екі жылда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 24 мектеп салынады. Олар 90 мыңға жуық оқушы орындарын (2 ауысымды) ашуға мүмкіндік береді» деді қала басшысы.

Жеңіс Қасымбек биыл жазда Оқушылар сарайы ашылатынын жеткізді.

«Тұран даңғылында орналасқан 5 қабатты ғимарат жеке инвестициялар есебінен салынып жатыр. Ауданы 7500 шаршы метрді құрайды, спорт және шығармашылық залдардан бөлек, 25 метрлік бассейні де болады. Сонымен қатар балаларды көбірек қамту үшін үш жыл ішінде 15 Оқушылар сарайын салуды жоспарлап отырмыз. Олардың бесеуінің құрылысын осы күзде бастаймыз» деп сөзін түйіндеді әкім.



КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Айтуар Ағыбаев пен Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаевтың қатысуымен құрылыс, білім беру салаларындағы ірі және орта бизнес өкілдерімен кездесу өтті.

«Бизнеске жол» жобасы кәсіпкерлердің құқығын тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз ету және қолайлы кәсіпкерлік орта құру мақсатында әзірленген бастаманы білдіреді. Ол кәсіпкерлердің күнделікті қызметінде кездесетін өзекті мәселелерді шешу процесін жеңілдетуге бағытталған.

Жобаның негізгі бағытының

бірі – әкімдіктің, мемлекеттік органдардың және мүдделі ұйымдардың өкілдері бизнесті қорғау мен дамытуға байланысты өзекті мәселелерді талқылайтын тұрақты кездесулерді ұйымдастыру. Бұл кездесулер пікір алмасу, тәжірибе алмасу, тиімді шешімдер іздеу және кәсіпкерлік қызметті қолдау үшін қажетті шараларды қабылдау алаңы

ретінде қызмет етеді. «Бизнеске жол» жобасы әкімдік пен мемлекеттік органдар тарапынан кеңінен қолдау тапты. Ол кәсіпкерлерге бизнесті табысты жүргізу үшін қажетті құралдар мен ресурстарды қамтамасыз етуге, өңірдегі кәсіпкерлік әлеуетті дамытуға және экономикалық өсуді нығайтуға жәрдемдесуге арналған.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Парижде өтіп жатқан халықаралық әуе көрмесінің аясында ұшатын такси таныстырылды.

Электр қуатымен жүретін инновациялық көлікті неміс компаниясы жасап шыққан. Ол сағатына 110 шақырымды еңсеріп, диаметрі 15 метрлік жерге қона алады. Өндірушілер ұшатын такси қызметін келер жылы Парижде өтетін Олимпиада кезінде пайдалануды жоспарлап отыр.



Қытайда күн мен судан қуат алатын әлемдегі ең ірі электр стансасы іске қосылды.

Ол Сычуань провинциясында 4,5 мың метр биікте орналасқан. Станса 700 мың үйді электр қуатымен қамтамасыз ете алады. Жобаны жүзеге асыру үшін қанша қаражат жұмсалғаны әзірге белгісіз. Әлемдегі ең ірі су электр стансасын да Қытай инженерлері салған еді. Ол Янцзы өзенінде орналасқан. Жылына 111 миллиард киловатт/сағат электр қуатын өндіреді.



Оңтүстік Кореяның Чолла провинциясында даяшы қызметін роботтар атқаратын әлемдегі ең үлкен мейрамхана ашылды.

Роботтар әлі адамдарды толығымен алмастыра алмайды. Тамақты кәсіби аспаздар дайындайды, ал нағыз даяшылар «ақылды» машиналарға ыдыстарды үстелдерге қоюға көмектеседі. Клиенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бағдарламашылар роботтардың қозғалыс жылдамдығын анықтап, мейрамхананың залдарына Wi-Fi бағытын орнатты.

«АСТАНА АҚШАМЫНДА» – «АЛТЫН ТОМИРИС»

Бас қалада «Алтын Томирис-2023» сыйлығымен марапаттау рәсімі өтті. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов мәдениет пен өнер тақырыбындағы материалдарды жариялап жүрген журналистерді құттықтады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Бұл сыйлықты 2021 жылы театрмен, опера және балет өнерімен, жалпы айтқанда, мәдениетке байланысты жарияланатын журналистік бастамаларды қолдау үшін Мәдениет және спорт министрлігі мен «Астана Опера» театры тағайындаған болатын. Биыл бұл сыйлықты «Egemen Qazaqstan», «Казахстанская правда» республикалық газеттерінің редакциялары, «Айқын», «Литер», «Астана ақшамы»,



«Вечерняя Астана», «Новое поколение» газеттері, «Қазақ радиолары», «El.kz», «ҚазАқпарат», «BAQ.KZ» ақпараттық агенттіктері, «Қазақстан» ұлттық арнасы, «Хабар» агенттігі, «Хабар 24» телеарнасы «Мәдениет жаңалықтары»

бағдарламасының редакциясы, «Жібек жолы», «Бірінші Қарағанды», «МИР», «Абай TV» телеарналары және тағы басқалары алды. Құттықтау рәсімінде «Астана Опера» әртістері концерт ұсынды.

ҚИМЫЛЫ ШИРАҚТЫҢ ӨМІРІ ҰЗАҚ



Елордадағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде гериатрия мәселесі бойынша бірлескен халықаралық жобаның нәтижелері талқыланды. Қанатқақты жобаны отандық «Өмір сапасы» қалпына келтіру медицинасы және кешенді оңалту ұйымдары қауымдастығының гериатр дәрігерлері таныстырды.

Индира БЕРЖАНОВА

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының медициналық-профилактикалық бөлімі «NeiroClinic Astana» консультативтік-диагностикалық медициналық орталығының гериатр дәрігерлерімен, ресейлік жоғары оқу орындарының түлектерімен бірлесіп, егде жастағы адамдардың денсаулығын сақтап, нығайту мақсатында гериатрия бойынша ғылыми-практикалық зерттеу жүргізді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған егде жастағы адамдарға кешенді көмек

көрсету тұжырымдамасы негізінде скрининг жасалды. Оның негізінде емделушілер сауалнамаға қатысып, өздеріне қажет ұсыныстар алды. Сауалнамаға жауап бергендердің 53 пайызында есте сақтау қабілеті белсенділігі азайған. Қартаюдың белгілерін алдын алу үшін гериатр дәрігерлер когнитивті тренинг өткізуді, орталықтың тақтайшалары мен материалдарына үлкен жазулар жазуды ұсынды. Скринингтен өткен 91 адамның 85-і әйел адам болса, 6-ы – ер адам. Орташа жас 69 бен 72-ні құрады.

Жобаның негізгі мақсаты – адам ағзасының өмір сүруін ұзарту, когнитивті ауру түрлерін азайту, Альцгеймер, Паркинсон аурулары сияқты неврологиялық бұзылулардың алдын алу.

Жиынға қатысқан «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің басшысы Мұхтар Еркетаев осы жобаның бастамашыларының бірі болды. Оның айтуынша, аталмыш жоба тек қарттарға ғана емес, барша адамға өмір сүру сапасын жақсарту маңызын жете түсінуге бағытталады. Зерттеу жұмысының қорытындысы Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жеткізіледі.

ДОЛЛАР ЕПТЕП ҚЫМБАТТАДЫ

Қазақстан қор биржасындағы (KASE) күндізгі сауданың қорытындысы бойынша доллар бағамы 450,06 теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық банкінің 26 маусымдағы бір долларға арналған ресми бағамы 447,05 теңге болды. Ал ақша айырбастау орындарында доллар бағамы 2,84 теңгеге қымбаттап, 450,06 теңгеге жетті.

Ал Kurs.kz мәліметінше, Астана мен Алматыдағы ақша айырбастау орындарында доллар орта есеппен 451 теңгеден сатылып, 448 теңгеден сатып алынып жатыр.

Грузияда электромобильдерге сұраныс артты.

Бұл елде 2017 жылдан бері ескі көлік сатып алуға тыйым салынған. Ал гибриді машинаға салынатын акциздік салық 60 пайызға қысқарып, электромобиль иелері салықтан босатылды. Биыл Грузия тұрғындары 16 млн долларға 545 электромобиль сатып алған. Тбилиси әкімдігінің дерегінше, кешкі қарбаласта қала көшелерінде 600 мыңнан астам көлік жүреді. Жанар-жағармаймен қозғалатын машина ауаны ластайды.



Филиппин үкіметі тұрғындарды суды үнемдеуге шақырды.

Құрғақшылық салдарынан елде су тапшы. 4 қоймадағы су деңгейі айтарлықтай төмендеп кеткен. Мамандар бұдан ауыл шаруашылығы қатты зардап шегеді дейді. Қазірдің өзінде бірнеше егіс алқабы құрғап кеткен. Мамыр айында аптап ыстық болып, температура бағаны 50 градусқа дейін жетті. Метеорологтар мұндай жағдай қайталануы мүмкін деп ескертіп жатыр.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров 26 маусымда өткен брифингте Ресейдің Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымынан ресми түрде көмек сұрамағанын айтты.

ҚАУІПСІЗДІК ҰЙЫМЫНАН КӨМЕК СҰРАҒАН ЖОҚ

24 маусымға қараған түні Ростов облысында «Вагнер» ЖӘК мүшелері әскери бүлік шығаруға әрекеттенді. Бұл туралы әскери рота басшысы Евгений Пригожиннің хабарламаларынан кейін белгілі болды. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі Вагнер ЖӘК-тің шабуылдау отрядтарының жауынгерлеріне сілтеме жасай отырып, олар «Пригожиннің қылмыстық авантюрасына алданып, қарулы көтеріліске қатысқанын» мәлімдеді.

Кейінірек келіссөздер нәтижесінде ЖӘК әскерлері Мәскеуге жорықты тоқтатып, басып алынған Ростов-на-Дону азат етіп, далалық лагерьлеріне оралды.

26 маусым күні таңертең «Вагнер» ЖӘК негізін қалаушы Евгений Пригожин негізгі айыпталушы болған қарулы бүлік ұйымдастырушысы бойынша қылмыстық іс тоқтатылған жоқ. Қазір Ресей Федеративтік қауіпсіздік қызметі тарапынан тергеу жалғастыруда.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ЕРЕКШЕ КОНЦЕРТ

Есіл өзенінің жағалауында орналасқан қалалық амфитеатр сахнасында есірткіге қарсы күрес күніне орай қаланың шығармашылық ұжымдары концерт қойды. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі профилактикалық іс-шарамен қатар Астанада «Денің сау болу – сәнде» атты концерт өткізілді.

«Жыл сайын әртүрлі есірткі заттарының саны артып келеді. Олар көпшілікке қолжетімді әрі кең таралып жатыр. Есірткі – өмір сүру ұзақтығын қысқартатын, физикалық және психикалық денсаулықты бұзатын жаһандық мәселе. Сондықтан да аурудың алдын алу және мамандардың кеңес беруі аса маңызды. Бүгінгі мақсатымыз – салауатты өмір салтын насихаттау» деді ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті басқармасы бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов.

Елорданың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, қазіргі таңда қалалық психикалық денсаулық орталығында мыңға жуық есірткіге тәуелді адам есепте тұр. Жыл басынан бері 234 науқас стационарлық емдеуден өтті. Ал оның 16 пайызы ремиссия бойынша есептен шығарылды.

Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің, елордалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының және қалалық полиция департаментінің қолдауымен өткізілді.



ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР БАЙҚАУЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Елорданың 25 жылдығына орай Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы жас ақындар мен жазушыларды қолдау мақсатында «Үздік жас қаламгер» байқауын жариялады.

көтеру, дарынды жас ақындар мен жазушыларды анықтау және оларға шеберлігін шыңдауға мүмкіндік беру.

Байқауға қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

- конкурсқа қатысу туралы өтінім;
- жас ақындар мен жазушылардың шығармалары.

Байқауға 14-35 жас аралығындағы елордалық жас ақындар мен жазушылар қатыса алады. Байқау аясында үздік шығармалар жинау көзделген. Әр жүлделі 25 қатысушыға – 500000 теңге қаржылай сыйлық қарастырылған.

Үздік жас қаламгерлер байқауына жас ақындар мен жазушылар өз шығармашылық туындыларын 2023 жылдың 5 шілдесіне дейін uj_2023@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет. Жоба соңында қорытынды марапаттау рәсімі өтеді.

Конкурс жөнінде толық ақпаратты Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының 8-701-830-65-30 телефон нөмірі арқылы алуға болады. Мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13.



Байқаудың мақсаты – жас ақындар мен жазушыларға шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және жастардың оң бастамаларына қолдау көрсету, туған елге деген ықылас пен махаббатты арттыру, қазақ халқының дәстүрлерін жан-жақты зерделеу арқылы жастардың ақындық шеберлігін шыңдау, ұлттық мәдениет арқылы отансүйгіштік сезімді дамыту, қазақ тілінің ролін

ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН



Қазақстан мен Мажарстан мемлекеттері арасында тарихи тамырластық бар. Қазақтардың да, мажарлардың да өткені көшпенді өмірден тұрады. Қос мемлекет те азаттық жолында талай күресті бастан өткеріп, тәуелсіздік кезеңінде сенімді серіктестерге айналып, өзара жақсы қарым-қатынас орната білді. Астананың 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Мажарстанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Рона Отто Иванды әңгімеге тарттық.

АСТАНА СӘУЛЕТІМЕН КӨЗ ТАРТАДЫ

– Қазақстан мен Мажарстанды көп нәрсе байланыстырады. Бұл байланыстардың басын кәрі тарихтың сарғайған парақтарынан табуға болады. Дегенмен алдымен осы күндердегі әр саладағы екіжақты ынтымақтастық туралы айтып берсеңіз.

– Шынымен де, Қазақстанда Мажарстан елшісі болып жұмыс істеген оңай. Себебі қайда барсам да, кіммен кездесем де бір жылу сеземін. Бұл екі елдің достығымен қатар туыстығынан шығар деп пайымдаймын. Мұндай байланыстың маңызы жоғары, бұл фактор жеке өзінің қызметіме қосымша күш беретіндей. Екі ел арасында саяси қарым-қатынас өте жақсы жолға қойылған. Мәселен, Мажарстанның Сыртқы істер министрі соңғы 1,5 жылда Қазақстанда үш рет болды. Біз 2014 жылдан бастап стратегиялық серіктеспіз. Екі ел арасында үкіметаралық комиссия құрылған. Осы жылдың қазан айының басында Түркістан қаласында түркітілдес мемлекеттер басшыларының форумы өтеді. Премьер-министріміз оған шақырту алды.

– Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамып келе жатқаны қуантады. Дегенмен қай салада ерекше ағайын жобалар бар? Алдағы уақытта қолға алынатын бірлескен жобалар бар ма?

– Саяси қарым-қатынас жақсы жолға қойылған соң, экономикалық байланыстарға, бизнес-сауда саласындағы қарым-қатынасқа серпін берді. Осы жылдың алғашқы үш айының қорытындысы екі ел арасында сауда 38 пайызға өскенін көрсетті. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Мажарстан тарапынан Қазақстанға мемлекеттік мұнай-газ өңдеу және мұнай-химия компаниясы ең көп инвестиция құйды. Бұл компания Орал қаласының маңында табиғи газды игеруді қолға алды. Осы жылдың аяғында тиісті жұмыс нәтиже беріп, алғашқы өнім шығатынына сенімдіміз. Басқа салаларда да бірлескен жобалар бар. Атап айтқанда, фармацевтикада, «жасыл» энергетикада, ауыл шаруашылығында бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз.

– Қазақстан мен Мажарстанның білім саласында ынтымақтастығы жоғары деңгейде деп естідім. Мұның жайын өзіңіз айтып беріңізші.

– Жыл сайын Мажарстан Үкіметі 250 қазақстандыққа стипендия бөледі. Бұл бағдарлама 2013 жылы іске қосылды. Содан бері Мажарстанның жоғары оқу орындарына Қазақстан студенттері үлкен қызығушылық танытып келе жатыр. Қазір сұраныс өте жоғары деңгейде. Мәселен, осы жылы 1471 адамнан өтініш келіп түсті. Былтыр

да осы шамалас өтініш болған.

– Қазақстанда елші болғаныңызға қанша уақыт болды? Қазақтың салт-дәстүрлерімен танысып үлгердіңіз бе, қазақ тілін үйренгіңіз келе ме?

– 2022 жылы қаңтар айының аяғында Қазақстандағы Мажарстанның елшісі болып тағайындалып, Астанаға көшіп келдім. Осы қызметті істеп келе жатқаным 1,5 жыл болды. Қазақтың салт-дәстүрлерімен танысуға тырысып жатырмын. Маған әсіресе Наурыз мерекесі қатты ұнайды. Оның аталып өтуі өте әсерлі. Көктемнің келуін, өкінішке қарай, Мажарстанда олай атап өтпейміз.

Қазақ тілі – мен үшін өте ауыр тіл. Жасым да 62-ге келіп қалды. Сондықтан тілді үйренемін деп айта алмаймын. Кейбір сөздерді, сөйлемдерді, әрине, жаттаймын. Себебі бұл – менің қазіргі қызметіме байланысты міндетім. Жалпы ана тілімнен басқа бес тілде сөйлеймін. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын бітірдім. Сонда вьетнам тілін меңгердім. Бұған қоса, ағылшын, неміс, орыс, дат тілдерінде сөйлеймін.

– Биыл – Астана қаласының 25 жылдық мерейтойы. Қазақстан астанасының дамуына, сәулеті, мәдениеті, табиғатына берер бағаңыз қандай?

– Астанада қазіргі заманғы сәулет өнерінің үлгісі дейтіндей көптеген әдемі ғимарат бар. Мәселен, өзіме «Қазақстан» орталық концерт залының ғимараты қатты ұнайды. Оның сырты да, іші де келісін. Әрине, Астана – жаңа қала. Әсіресе сол жағалау жаңадан бой көтерген екен. Бірақ онда қаланың рухы сезілмейді. Астананың рухын шаһардың ескі орталығы, оң жағалауда сезуге болады. Қала жас болғандықтан, уақыт өте келе рух қалыптасады деп ойлаймын.

Астана климатын айтқанда, мұнда жеке өзіме өмір сүрген оңай емес. Себебі Будапешттен салыстырғанда Астана қысы өте қатал. Бірақ оған да үйренуге болады. Өткен жылдың қысында Астанаға көшіп келгенде әйелім екеуміз серуенге шығып, түсірген суреттерімізді елге жібердік. Сонда достарымыз, туыстарымыз Астана қысына қатты қызықты. Өкінішке қарай, Будапештте қазір ондай қар жоқ. 30-40 жыл бұрын Мажарстанның қысы қарлы болатын. Бірақ қазір қар жауса, көп болса, бір-екі күннен кейін еріп кетеді, тек таулардың басында ғана жатады.

– Астана құрылысына көзқарасыңыз қандай? Сіздіңше, халық серуендейтін саябақтар аз емес пе? Бәлкім, көпқабатты тұрғын үйлердің

орнына жұрт таза ауада демалатын жерлерді көбірек салу керек шығар?

– 90-жылдардың басында Вьетнамда тұрып, жұмыс істедім. Сол уақытта бұл елде зәулім ғимараттар жоқ болатын. 19 жылдан соң сонда барғанда аспанмен таласқан биік ғимараттардың саңырауқұлақтай қаптап кеткенін көріп таңғалдым. Әрине, дәулеті артып, өркендеу жолына түскен мемлекет дамып жатқанын бүкіл әлемге көрсеткісі келеді. Бірақ бой көтерген басы артық ғимараттар мен қалыптасқан сәулет стилі Вьетнамға жараспайтынын байқадым. Сол ел Сингапурдың, Гонконгтың, Бангкоктың үлгілерін таза көшірген. Қажет емес еді. Зәулім ғимараттар француздар XIX ғасырдың ортасында жобалаған Ханой қаласының сиқын кетірді. Қаланың тарихи келбеті орталығында ғана сақталған. Оның себебі ЮНЕСКО Вьетнам астанасының орталығын әлемнің құнды мәдени мұрасы ретінде бекітті. Сондықтан орталыққа ешкім тілспей отыр. Ал басқа жерлерде қалаға көрік қоспайтын биік ғимараттар өте көп. Астана Ханойдың кебін құшып кетпесін деп тілеймін.

– Астанада нені жетілдіру керек деп есептейсіз?

– Елордада троллейбус, трамвай, әсіресе метро жетіспейді. Мегаполис өсіп жатыр, тұрғындар саны да жылдан-жылға артуда. Соған байланысты көлік кептелісі де қатты. Мысалы, мен Астанаға келгенде, өткен жылдың ақпан айында, кептелісі қазіргіден аз еді. Қазір қалада көлікпен жүру қиындады. Әсіресе таңғы 8 бен 9 және кешкі 6 мен 9 арасында кептелісі ұзақ тұрамыз. Әрине, жаңа жайлы автобустар баршылық. Өзім де автобусқа жиі мінімін. Телефондағы QR-кодпен жолақыны төлеген ыңғайлы әрі қазіргі заманға сай келеді. Меніңше, Астанада қоғамдық көлік желісін дамыту керек. Әрине, LRT салынатынын білемін. Оның іске қосылғанын да көргім келеді.

– Жақында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовпен кездесіп, Астана және Будапешттің іскерлік байланыстары және ынтымақтастығы дамыту мәселелері жөнінде әңгімелестіңіздер. Астанада Мажарстанның ұлы ақыны Шандор Петёфи атына көше беру мәселесін талқыладыңыздар. Жалпы бұл кездесуде қандай келісімге келдіңіздер?

– Биыл – атақты ақынымыз Шандор Петёфидің туғанына 200 жыл. Бірнеше жыл бұрын Будапештте Астана және Абай көшелері ашылғанын білетін боларсыздар. Өткен жылы Петёфиге Астанадан көше беру мәселесімен

қаланың бұрынғы әкіміне кірдім. Былтырғы желтоқсан айының басында бізге қаладағы үш көшенің бірін таңдауға болатыны жөнінде хабар келіп жетті. Жақында Астана қаласы мәслихатының төрағасымен кездестім. Ерлан Каналимов ұсынысымызды қолдады. Оның көмегімен мақсатымызға жетеміз деп ойлаймын. Петёфиге Астанадан көше ақынның мерейтойлық жылында берілсе деген игі тілегіміз бар. Жуырда ғана, 22 маусым күні Ұлттық академиялық кітапханада ұлы ақынымыздың қазақ тіліне аударылған өлеңдер жинағының таныстырылымы өтті. Бұл кітапты Мажарстан Мәдениет қорының қолдауымен Түркі академиясы дайындап, жарыққа шығарды. Ертректе қазақ ақыны Қадыр Мырза Әли Петёфи өлеңдерін қазақшалаған екен. Кітап сол аудармамен қайта басылды. Ерлан Каналимовпен екі ел арасындағы басқа да маңызды мәселелер, Будапешт пен Астана делегацияларының өзара сапары талқыланды.

– Урбанизация барысында Мажарстандағы үлкен шаһарлардан жас Астанаға нені үйренуге болады?

– Венгрияның астанасы Будапештте, Дебрецен, Сегед, Печ және басқа да қалаларында сәулет өнері, қоғамдық көлік желісі, қала тіршілігі мен қаланың қызмет көрсету саласын цифрландыру жұмысы жақсы дамып жатыр. Ал «Smart city», яғни «Ақылды қала» тұжырымдамасын іске асыруда бізге Астанамен әріптестік орнатуға болады деп есептеймін. Сондықтан Астана қаласы делегациясының Мажарстанға сапары үлкен нәтиже береді деп ойлаймын. Біз өз тарапымыздан бұл сапардың жақсы бағдарламасын әзірлейміз. Әрине, урбанизацияны айтқанда, қала экологиясы мәселесіне ерекше көңіл бөлу керек. Мажарстанда бұған қатысты тамаша бағдарлама бар.

– Астана экологиясын жақсарту және елорда тұрғындарының өмірін жеңілдету мақсатында қаланы газдандыру жұмысы жүріп жатқанын білгеніңіз боларсыз...

– Иә, білемін, бұл – өте маңызды жұмыс. Алдында айтқанымдай, Мажарстан тарапынан Қазақстанда қолға алынған табиғи газды игеру ісі елдеріңіздегі қалалар мен ауылдар экологиясының жақсаруына септеседі деп ойлаймын.

– Астана тұрғындарының мәдениеті туралы не айтасыз?

– Бас қалада қызмет көрсету саласы жоғары деңгейде екенін айта аламын. Қазақстан астанасында осы саланы цифрландыру ісі жақсы дамыған. Бұл тарапта Будапештке Астанадан біраз нәрсе үйренуге болады. Бірақ көлік жүргізушілеріне сыпайылық жетіспейді. Белгі беріп, бір жолақтан екінші жолаққа өтуді қанша сұраса да жол бере қоймайды. Әрине, қалада көлік ағыны қатты екенін, бәрі диттеген жеріне жылдам жеткісі келетінін түсінемін. Елшілігімізде жұмыс істейтін қазақстандықтар бұл тарапта ілгерілеу барын, көлік жүргізушілерінің мәдениеті өткен жылдармен салыстырғанда жақсарғанын айтады. Бұл бірте-бірте реттеледі деп ойлаймын. Сосын Астанада газет сататын дүңгіршектер жоқтың қасы. Алматыда бұдан әлдеқайда көп.


– Астананың қай жерлерінде серуендегенді ұнатасыз?

– Айтқанымдай, Астананың рухы сезілетін қаланың оң жағалауындағы көшелер мен саябақтарында, жасыл желегі жайқалған, гүлдерінің жұпар иісі аңқыған Президент саябағында жарым екеуміз жиі серуендейміз. Осы саябақтардың күтіміне көңілім толады. Жарыммен Қорғалжын жаққа да үш рет барып келдік. Қорықтың табиғаты өте әсем. Сонда қоқиқаздар мен пеликандарды тамашаладық.

– Астананың 25 жылдық мерейтойы тұсында бас қаламыздың тұрғындарына не тілейсіз?

– Астанаға қала тұрғындарының өсу қарқынына сәйкес өркендеуді тілеймін. Судың, жарықтың тапшылығы болмасын. Қоғамдық көлік желісі жолаушылардың сұранысына сай келсін. Қала жасыл желекке орна берсін. Астананың тарихи келбеті сақталып, шаһар жаңа құрылыстармен толығып, әрі қарай дамысын!

Сұхбаттасқан
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Қасым ТӘУКЕНОВ,
көрнекті мемлекет және
қоғам қайраткері:

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮЙІРІЛГЕН ЖЕРГЕ ЫРЫС КЕЛЕДІ

– Мен өзі қаланың іргесінде жұрт Көктал ауылы деп айтатын жерде шырылдап жарық дүние есігін аштым. Бұрын ол атағы дүрілдеген Киров совхозы болды. Қазір елорданың құрамындағы көлемі үлкен шағын ауданға айналды. Алғашқы еңбек жолым да содан басталды. Әрине, бұрынғы Ақмоланың Астана болғаны көңілімді қуанышқа толтырады. Сарыарқаның төсіне осындай қала салғанымыздың өзі елдің мерейін өсірді. Ертеңге сенімімізді нығайтты. Жақсылық үйірілген жерге ырыс та келеді. Оны ешкім ешқайда алып кетпейді.

Бүгінгі бас орда кезіндегі Целиноград облысының орталығы болып дүркіреді. Тың игерудің орталығы деп әспеттелді. Шаһарда 270 мың халық тұрды. Сол кезде қалада «Қазақсельмаш» зауыты мен тігін фабрикасы секілді ауқымы кең мекемелер жұмыс істеді. Тұрғындардың дені сонда еңбек етті. Бүгінде сол құрылымы ірі кәсіпорындардың қызметі тоқтаған. Қазір Астана жұртының саны бір миллионнан асып кетті.

Ақмолада бірінші теміржол салдым, алғаш қазақша мектеп, балабақша ашуға мұрындық болдым деп өзеуреп айтатындар бар. Әй, оның бәрі жай сөзбен атқарыла салмайды ғой. Оған жүйелі жоспар, қаржы қажет. Содан қазақша білім ордасы мен балабақша ашуды қолға алдық. Әуелі соған балалардың санын анықтау үшін қаладағы көзі ашық, оқыған азаматтарды әр көшеге бөліп, тізім жинадық. Қанапиянова деген менің орынбасарым болды. Соған осы жұмысты жүктедім. Өзі орыс тілді еді. Үнемі орысша сөйлейтін. Мысалы, 1897 жылғы санақта адамның ұлты есепке алынбаған. Кім қай тілде сөйлесе, сол ұлты болып жазылған. Оған осы дерек туралы жазған тарихшының кітабын оқуға бердім. Содан ол намысқа қамшылап мінді. Әр жұма сайын тізімді жинақтап отырды. Мәселен, мына көшедегі мектепке қазақша класқа жүз бала барады десе, соны жоспарға кіргіздік. Оған облыстық жоспарлау бөлімі мен қаржы бөлімін жұмылдырдық. Қазақша сынып ашылған мектептерге, балабақшаларға қосымша қаржы бөлінді. Расын айтқанда, Қанапиянова жан салып жұмыс істеді. Сондықтан бұл көппен біткен игілікті іс болды.

Көрмеге Астана қаласы мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының архив материалдарынан 115 фотоқұжат, құжат деректері, Астана қаласының арғы-бергі тарихынан сыр шертетін кітаптар қойылған.

Қазіргі Астана өңірін ежелден ата-бабаларымыз мекендеген, тарихи деректер мен тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек, Ақмола аймағының тарихы біздің жыл санауымыздан бұрынғы III мыңжылдыққа барып тіреледі екен.

Елорда атауы 1832 ж. дейін Қараөткел-Ақмола, 1832-1961 жж. Ақмолинск, 1961-1992 жж. Целиноград, 1992-1998 жж. Ақмола, 1998 жылдан Астана болғаны баршамызға белгілі (2019-2022 жж. – Нұр-Сұлтан).

Көрмеге қойылған Астана маңындағы ортағасырлық Бозоқ қаласының К.Ақышев жасаған реконструкциясының суреті, Сібір хандығының картасы, А.Сейдімбек сызған байырғы жолдардың жобасы, зерттеуші-саяхатшылардың Есіл мен Нұра өңірі туралы жазбалары тоғыз жолдың торабындағы Ақмола тарихының тереңдігіне куә.

Бұдан кейін хронологиялық ретпен қойылған революцияға дейінгі кезеңдегі қаланың көрінісі – 1839-1940 жж. салынған Ақмола бекінісінің мұнарасы, 1838 ж. Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин салдырған алғашқы мешіт, 1895 ж. салынған жасыл мешіт, 1891 жылы салынған Александр-Невский соборы, 1890 жылдары қазына қаражаты есебінен Ақмоланың орталық алаңына салынған керуен сарайы, Қ.Қосшығұлов-



тың кәмпит-тоқаш фабрикасы, Ақмола қаласындағы мектептер және т. б. фотосуреттер Ақмола округінің қала ретінде және де бас сауда орталығы ретінде қалыптасуын көрсетеді. «Ақмола облысына шолу» жинағынан берілген Ресей империясының 1897 ж. халық санағы бойынша Ақмола уезінде 185058, ал Ақмола қаласында 9688 адам тіркелген.

Патша тақтан бас тартқан күні 1917 ж. наурыздағы Ақмола қаласындағы митинг, 1929 жылы 8 қарашада Ақмолаға алғашқы пойыздың келуі, 1930 жылдардағы мешіттер мен шіркеулерді жауып, мәдени мекемелерге беру кезіндегі Александр-Невский соборының мүлігін комиссияның қабылдап алуы, «Дін – апын» деп үкімет басына келген большевиктердің ең алғашқы құжаттарының бірі шіркеулер мен мешіттерді мемлекеттен бөлу жөніндегі декрет болды.

Ақмола округтік комитеті ҚазОАК-не төтенше үй дағдарысы және Ақмолада мәдени-ағарту желісін кеңейту қажеттілігінен бір мешіт пен қалалық соборды сенушілердің пайдалануынан алуды сұрап, 1929 жылдың 23



ШАҒАР ШЕЖІРЕСІНЕН СЫР ШЕРТКЕН

Қазақстан Республикасының астанасы күніне орай Астана қаласының мемлекеттік архиві қала тарихына арналған «Шаһар шежіресі» атты архив құжаттары көрмесін ұсынды.



нар алдындағы фотосуреттер қас-қағым сәтте түсірілгенмен, осы бейнелер арқылы тұтас бір тарихи кезеңдер көз алдымыздан өтеді.

Келесі топтағы фотосуреттер 1950-1990 жылдардағы қаланың тыныс-тіршілігінен сыр шертеді. Ақмолалық фототілшілер Б.Савельев, Ю.Казаков және Н.Имамов, КазТАГ фотокорреспонденттері Есіл өзені арқылы өтетін көпір, Кеңестер үйінің құрылысы (қазіргі Астана қаласының әкімдігі ғимараты), қазіргі Абай даңғылының 1980 жылдардағы көрінісі, «Целиноградсельмаш» зауытының корпусы, Тың игерушілер сарайы, Жастар сарайы, орталық әмбебап дүкені және т. б. Целиноград қаласының негізгі құрылыс нысандарын объективіне алған.

1990 жылдан бастап Ақмолада мешіт құрылысына ақша жинау, Целиноград қаласына байырғы Ақмола атауын қайтару, азық-түлікке кезекке тұру – сол жылдардың шынайы шындығы. Целиноградта қазақ театры ашылды, Наурыз мейрамы халық мерекесі болып бекітілді, 1990 жылдың 13 қазанында Целиноград қаласының тұңғыш



ресми баспасөз органы – «Ақмола ақиқаты», «Вечерний Целиноград» газеттері оқырманға жол тартты.

Архив деректері бойынша берілген кестеде 1959 жылы Ақмола қаласы бойынша тұрғындар саны – 102300, 1970 ж. – 181300, 1979 ж. – 253300, 1985 ж. – 266400, 1991 ж. – 288300 адам.

Архив деректері бойынша 1994 ж. Ақмола қаласы тұрғындарының ұлттық құрамы мынадай: қазақтар – 8%; орыстар – 61%; украиндар – 10%; немістер – 7%; татарлар – 4%; белорустар – 3%; басқа ұлт өкілдері (86 ұлт) – 7%.

Әр кезеңдерде азаттық үшін күрескен осы өңірдің тарихи тұлғалары Қанжығалы Бөгенбай, Кенесары хан, Иманжүсіп, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Хайретдин Болғанбайұлы, Асылбек Сейітов, Сәкен Сейфуллин, Сәдуақас қажы Ғылмани, Мәлік Ғабдуллин, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигелдинов, Сағадат Нұрмағамбетов, Жұмабек Тәшев, Илияс Есенберлиннің өмірі мен қызметі өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге, ал олардың туған жеріне ел астанасын көшіру туралы идеяның символикалық маңызы ерекше.

Елорда қалыптасуының қазіргі кезеңі Қазақстан Республикасының астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіруден және негізгі тарихи құжаттар – Қазақстан Республикасы Президентінің ел астанасын көшіру және Ақмола қаласын Астана қаласы деп қайта атау туралы Жарлығымен басталады. Жаңа Астана құрылысының кезеңдерін және тәуелсіз Қазақстан дәуірін сипаттайтын негізгі тарихи оқиғаларды, сондай-ақ, қазіргі Қазақстанның жаңа астанасының басты сәулетті, көрікті жерлерін қамтитын құнды фотосуреттер мен құжаттар ұсынылған.



Көрмеде мемлекеттік органдарды көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысы, Сәдуақас қажы Ғылмани мешітіне айт күні ағылған адамдар, Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін

жеткізу, Астананың 10 жылдық мерекесінде Астана құрылысына және мемлекеттік биліктің жоғары органдарын Ақмолаға көшіру процесіне ерекше үлес қосқан қызметкерлерге мемлекеттік наградаларды тапсыру рәсімі, Президент Н.Назарбаев және жапон сәулетшісі К.Курокаваның қаланың бас жоспарын талқылау сәті, Астана қаласының ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталуы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Қазақстан халқы ассамблеясының сессиясы, «Астана» халықаралық қаржы орталығының ресми ашылуы, Астанада Наурыз мейрамының тойлануы, ЕҚЫҰ елдері мемлекет басшыларының саммиті, VII қысқы Азия ойындары, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, Ұлттық домбыра күні сияқты елорда мәртебесін асқақтатқан айтулы оқиғаларға көз жүгіртеміз.

Әрбір ғимараттың өз тарихы бар, Қазақстанның өткенінен, бүгінгі мен келешегінен сыр тартып тұрады. Сонымен қатар 1992-1997 жылдары Ақмола қаласының бірінші әкімі Аманжол Бөлекпаевтан бүгінге дейінгі Астана қаласын

басқарған әкімдердің жұмыс барысындағы фотосуреттері мен астананы өркендетуге қосқан үлесі жайлы өздерінің сөздерінен үзінділер берілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін

Стратегиялық жоспарлау және



реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Астана қаласындағы тұрғындар саны 1997 жылдан бүгінге дейінгі мәлімет бойынша 300500 адамнан 1354500 адамға көбейген.

Сарыарқа тесіндегі шаһар әлі салында, дамуда, әрбір жыл жаңа ғимаратымен, ескерткішімен, жетістігімен қуантады.

Ғазица ИСАХАН,
Астана қаласы мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу және ақпараттық жұмыс қызметінің басшысы

– Дәулет Болатұлы, биылғы құрылтайда көтерілген тақырыптардың ауқымы өте кең болды. Бәрі де ұлттық ұпайымызды түгендеуге бағытталғаны байқалды. Өзіңіз қай мәселеге мән бердіңіз?

– Халқымның бір азаматы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі ретінде мені еліміздегі әрбір мәселе толғандырады. Оның ішінде бүгінгі жас ұрпақтың жағдайына алаңдаймын. «Жастықта көкірек – зор, уайым – жоқ» деп хакім Абай тегін айтпаса керек. Ал біз бүгінде жастар үшін уайымсызбыз деп айта аламыз ба? Біле білсек, мемлекеттің бір күші – оның жастары. Жастарымыз неғұрлым жігерлі болса, мемлекеттің келешегі де күшті, тұрақтылығы да бекем болады. Кез келген ағаштың өзі тамырсыз өспейді, тамыры терең, негізі мықты ағаш қатты желде майыспайды, дауылда да құламайды, сынбайды. Демек, жасөспірімдер мен жастардың тәрбиесіне мейлінше мән беріміз керек болып тұр. Өйткені бүгінгі заманның ағымы жастарды сан-салалы жолға жетелеп барады. Өкінішке қарай, жастарымыз еліктегіш болып барады. Бұл жағдайда дұрыс жолдан тайдырмайтын бірден-бір жолымыз ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болады деп ойлаймын.

– Иә, елдің болашағы бүгінгі жастардың қолына өтетіні – заңдылық. Сіз құрылтайда қай мәселені ортаға салдыңыз?

– Құрылтайда ортаға талқылауға салғаным, осы орайда өз ұсыныстарым, мүмкін, біреуге ұсақ-түйек болып көрінуі де мүмкін шығар. Бірақ құндылықті көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп, ақпарат құралдарынан оқып-біліп отырғаннан кейін мұндай жағдайға төзімнен қарауға болмайды деп ойлаймын. Айтпағым, жастардың, тіпті мектеп жасындағы жасөспірімдердің қоғамда кесінен тарап жатқан синтетикалық есірткіге, электрондық темекі мен энергетикалық сусындар сияқты пайдасынан зиянын көп алдамшы заттарға әуестігі күннен-күнге артып, ауыр үрдіске айналып бара жатыр. Жастарымыздың қызығушылығын арттырып жүрген синтетикалық препараттар дегеніміздің өзі не? Бұл, біріншіден, жасанды препараттар, олардың бағасы дәстүрлі есірткі заттарына қарағанда әлдеқайда арзан, екіншіден, олардың құрамы мен әсері дәстүрлі есірткі заттарынан айтарлықтай ерекшеленеді, олар марихуанаға немесе кокаинге қарағанда әлдеқайда күшті және қауіпті, үшіншіден, олар салыстырмалы түрде оңай өндіріледі және әлеуметтік желілер арқылы оңай таралады, төртіншіден, химиялық өзгерістің байланысты олар заңнамалық шектеулерді айналып өтіп, құқық қорғау органдарының анықтауы мен бақылауына қиындық туғызады, бесіншіден, ең бастысы, синтетикалық затты бір тұтынған адам одан оңайлықпен құтылмайды. Ал бүгінгі таңда бұл індет күн сайын емес, сағат сайын өршіп келеді. Демек, дабыл қағатын кез келді. Алдында айтқанымдай, бұл проблемаға мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар, тіптен барлық жұртшылық бірлесіп қарсылық көрсетуіміз керек. Өйтпесек, жасына қарай сәнқойлыққа, арзан күлкіге, жеңіл жүріске бейімдірек болатын жастарымыздың қатары көбейіп кете беруі мүмкін. Осылай жалғаса берсе, бұл ұлттық келешегімізге қауіп төндірмей ме?!

– Шынымен де, ұсақ-түйек деп қарайтын мәселе емес. Дегенмен осы бағытта жұмыс жүргізетін ұйымдар зерттеулер мен мәліметтер жүргізетін шығар, осы тұрғыда не айтасыз?



Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ:

БАЛАҢДЫ АЯСАҢ, АЯМА!

Ұлттық құрылтай мүшесі, Мәжіліс депутаты Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ өткен құрылтайда жас ұрпақ тәрбиесі, отандық патриотизмді қалыптастырудың маңызы туралы айтты. Біз бүгін оқырман назарына халық қалаулысымен болған сұхбатты ұсынып отырмыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы жақында Түркістан қаласында өтті. Бұл жолғы басқосу екі күнге жалғасты, себебі елдік мүддені қозғайтын, толғандыратын мәселелердің бағыт-бағдары ауқымды болды. Сондықтан құрылтайдың бірінші күні бірнеше тақырыптық секциялар жұмыс істеді. Атап айтқанда, қоғамдық консолидация, білім мен ғылым, руханият, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жас ұрпақ тәрбиесі, ақпарат саясатының тиімділігін арттыру сынды тақырыптар сарапталып, талқыланды. Құрылтайдың екінші күнгі жұмысына Мемлекет басшысы қатысып, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түйінді сөз сөйледі.

– Статистикаға көз жүгіртсек, елімізде 2021 жылы 223 кг синтетика тәркіленген, 2022 жылғы есеп бойынша бұл көрсеткіш екі есеге өсіп, 582 кг болған, ал биылғы 5 айда тәркіленген синтетика заттары 562 кг жеткен. Ал жалпы 2019 жылдан бастап заңсыз айналымынан 80 тонна түрлі есірткі заттары тәркіленіпті.

Енді мына мәліметке назар аударайық, соңғы 4 жылда 91 «нарколаборатория» жойылған, 2019 жылы – 3-еуі, 2020 жылы – 8-і, 2021 жылы – 17-сі, 2022 жылы – 45-і, олардың басым бөлігі Алматы мен Астанада болған.



Өйтпесек, жасына қарай сәнқойлыққа, арзан күлкіге, жеңіл жүріске бейімдірек болатын жастарымыздың қатары көбейіп кете беруі мүмкін. Осылай жалғаса берсе, бұл ұлттық келешегімізге қауіп төндірмей ме?!

Менің ойымша, бұл сандарға қарап біз жастарды тәрбиелеу ісінде біраз олқылық жіберіп алған сияқтымыз. Енді кеш болмауы үшін біз қазірден бастап дабыл қағуымыз керек. Бізге қоғамды осы мәселе төңірегінде топтастыру қажет. Жастарды есірткінің таралуы мен қолданылуына төзеушілікке тәрбиелеу бойынша түбегейлі шешім қабылдап, профилактика шараларын тиімді жүзеге асыруды ойластыру қажет деп есептеймін. Ол үшін, біріншіден, нашақорлыққа жаппай ақпараттық шабуыл ұйымдастыру қажет. Қазір ақпараттың дамыған заманы. Ақпараттық-танымдық видеороликтерді әлеуметтік желілер арқылы насихаттауға мүмкіндік зор. Мысалы, «Қазақфильм» киностудиясы бюджеттен қаржыландырылады, бірақ нашақорлық тақырыбында

кинотеатрлар немесе теледидар экранында көрсетіліп жүрген бірде-бір отандық заманауи өнім жоқ. Осы тұста Мәдениет және спорт министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, жастар тамашалайтын TikTok арқылы тарайтын қысқа роликтерге де, толықметражды киноларға да мемлекеттік тапсырысты көбейту керек деп санаймын. Және бұл бір реттік акция болмауы керек. Бізге қыздарымыз бен ұлдарымыздың сана-сезіміне жететіндей, бұл кеселдің не екенін түсіндіретін, видеоны көргенде тіпті дәмін татып көруге деген құлшынысы, ниеті, құлқы болмай қалағандай жарнамалық-ақпараттық түсірілімдер қажет. Көптеген жастар есірткіні тек ойын-сауықтың бір тәсілі, жаңа толқулардың, эмансипацияның, өзін-өзі дәлелдеудің тағы бір көзі ретінде қарастырады. Бірақ егер біз жасөспірімдерге синтетиканың қауіпті екенін, басың бір кірсе, одан құтылу мүмкін емес екенін түсіндіре алсақ, мұның өзі жартылай жеңіс болушы еді.

– Осы проблеманы, яғни жастар арасында синтетикалық және есірткі заттарын, қауіпті сусындарды тұтынуды бақылайтын, қадағалайтын мекемелердің жұмысы қалай жүргізіліп жатыр, осы тұрғыда не айта аласыз?

– Бізге Есірткіге қарсы күрес комитетін қайтару қажет болуы мүмкін. Нашақорлық ең өзекті проблеманың бірі болғандықтан, онымен айналысатын мамандандырылған күшті орган болуы ісінде біраз олқылық тараудың алдын алу мәселесімен Ішкі істер министрлігінде барлығы 50 адам ғана айналысады. Менің ойымша, бұл өте аз. Біз шатты ұлғайтуға, оларды жабдықтауға, ведомстволық бағынысты кибер бөлімшені күшейтуге, мамандарға жоғары жалақы белгілеуге тиіспіз. Негізгі ақпарат интернет арналары арқылы насихатталғандықтан, бізге жоғары білікті IT-мамандары қажет. Олардың жалақысын үнемдеумен біз ештеңе ұтпаймыз, керісінше, келешегіміз дейтін жас ұрпақтың өмірін азаптап өтіп, тағдырын тәлкекке салуды жалғастыра береміз.

Бүгінгі таңда Қылымыстық кодексті біріздендіру деген желеумен есірткіні сату мақсатынсыз қолдануды әкімшілік

құқық бұзушылыққа ауыстыру ұсынылып отыр. Мен бұл ұсынысты есірткі мафиясына толықтай берілу деп есептеймін. «Синтетика жасаушылардың» көлеңкелі табысы айына шамамен 800 мың теңгені құрайды екен. Мұндай мол табыс табу үшін қаншама адамның тағдырын тәлкекке айналдырып жүрген адамдарды жазалауды мейлінше қатайту керек деп ойлаймын.

– Қазір жастардың, әрине, бәрін бірдей айтпаймыз, түрлі алкогольсіз дейтін сусындарды, электрондық темекіні емін-еркін тұтынатынын көріп жүрміз. Өзіңіз айтқандай, ұлттық тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл ұсақ-түйек мәселе емес. Енді осы еркіндікті қалай тежеуге болады деп ойлайсыз?

– Айтқаныңызбен толық келісемін. Біз бүгінде, өкінішке қарай, адам денсаулығына зиян келтіретін есірткіге бергісіз заттарды пайдаланып жүрген жастарды барлық жерде: көшеде, дүкенде, кафеде, мейрамханада, дискотекада, университет пен мектепте де көріп жүрміз. Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды деп ойлаймын. Мәселен, электрондық темекі немесе вейп деп аталатын індет те қарқын алып барады. Мен сізге айтайын, 30-дан астам ел осындай заттардың саудадағы айналымын шектеп отыр. Ал бізде олар кез келген дүкенде ашық түрде сатылады.

Өкінішке қарай, адам денсаулығына зиян келтіретін, оның ішінде жас ағзаға жылдам қабилданытын осындай заттарды бірінші болып пайдаланатындар – тағы да жастар. Сәнге қызығып, мектеп оқушылары вейп пен электрондық темекіге тәуелді болып барады. Мектептерде жоғары сынып оқушыларымен қатар, кіші сынып оқушылары да вейп сатып алып, бір-бірін қызықтырып, дәмін татып көруде. Балалар олардың тәтті, дәмді иісі мен сыртындағы әдемі жылтыр қаптамасына қызығып алып, пайдаланып жүр. Бір реттік электрондық темекілеріңіз кез келген азық-түлік дүкенінде еркін сатылуда, бағасы да қолжетімді, 2000 теңгеден аспайды екен. Тұтынған сайын тәуелділігі артатын мұндай заттар үшін бұл баға қолжетімді деуге болады.

Бұл кеселдің ең орасан зардабы – денсаулыққа кері әсер



Құрылтайда айтылған, талқыландырылған әр мәселе өзінше өзекті болды. Бірақ жанашырлықпен дұрыстап қолға алса, шешімі де табылады. Бұл орайда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өте маңызды баяндама жасады. Енді сол айтылған сөзді іске асыру үшін қоғам болып топтасып, ұлттың келешегі үшін жұмыла жұмыс жүргізе білсек, онда еліміздің келешегіне нық сеніммен қарайтын боламыз

ететіні. Бұл жөнінде мамандардың айтуынша, вейптер қан қысымының жоғарылауына ықпал етеді, эндотелий дисфункциясын тудырады және миокард инфарктісі мен инсульт қаупін арттырады. «Электрондық темекіге байланысты өкпенің зақымдануы» деп аталатын немесе EVALI қысқартылып айтылатын ауру түрі АҚШ-та 2019 жылдың маусымында тіркелген. 2020 жылдың наурыз айында АҚШ-та осы ауруға шалдыққан 2800 жағдай тіркелсе, оның 68-і өліммен аяқталды. Соңғы кездері электрондық темекі техникасын қолданған жас жігіттер мен әйелдердің рентгенографиясында дәрігерлер екі жақты өкпе инфильтраты пайда болғанын көрсетеді. Ал гистология нәтижесінде пневмонит, бронхолит және альвеолярлық зақымданулар анықталған. Бұл – электрондық темекіге байланысты айтып отырған бір ғана мысал.

Менің ойымша, Денсаулық сақтау министрлігі бұл кеселге қарсы белсенді позиция ұстанып, азаматтарымызға вейптің зиянды әсерін түсіндіруі керек. Дамыған елдер сияқты Қазақстанда да электрондық темекіні еркін сатуға тыйым салу қажет. Жастарымыздың денсаулығын темекі сатушылардың пайдасына айырбастауға болмайды.

Жастар арасында тағы бір тәуелділік пайда болып келеді, ол – энергетикалық сусындар. Бұлардың да зиянкестілігін артатын мұндай заттар үшін бұл баға қолжетімді деуге болады. Мәселен, Adrenaline (2), Dizzy (4), Gorilla (4), Monster (2), Red Bull (8), Riks (4), Starbucks (7),

Terminator (1), Yeti (1), Drive (1), Jaguar (2) деп аталатын және басқа сусындар бар. Бұлар да еркін сатылуда. Әсіресе өз-өзіне сенімсіз жасөспірімдерге «Red Bull қанаттандырады» деген жарнамалар құдіреттіліктің елесін береді. Бірақ шын мәнінде энергетикалық сусындарды пайдалану дұрыс тамақтанбауға және қант диабетіне әкелетінін олар біліп жүрген жоқ. Әлі бұғанасы қатпаған, ағзасы күшейе қоймаған жасөспірімдерге мұндай сусындарды тұтыну өте қауіпті, бұл сусындарды бақылаусыз ішетін жастар денсаулығынан айырылатынын түсіндіруіміз керек. Энергетикалық сусынды пайдаланып көз жұмып жатқан адамдар да жоқ емес, оларды өздеріңіз де әлеуметтік желілерден көріп, естіп жүрсіздер.

Әлемдік ақпаратқа назар аударсақ, көптеген ел энергетикалық сусындарды таратуға шектеу қойып, тіптен тыйым салып отыр. Егер біз келешек ұрпақтың қамын ойлаймыз десек, онда дамыған шет елдерден үлгі алып, осындай әрекеттерге баруымыз керек.

– Ұлттық құрылтайда ұлттың жағдайын жақсартуға бағытталған, халықты толғандырып бірқатар тақырып қозғалғанын білдік. Бүгінгі жаңарып жатқан, әділетті қоғам орнатуға ұмтылып жатқан тұста Түркістанда талқыландыру мәселелердің бәрі де ұлтымыздың ұпайын түгендеуге арналғанын жұртшылық та айттып жүр. Құрылтайды түйіндеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та саликалы сөзін айтты. Енді осы ұсыныстар мен талап-тілектерді іс жүзінде асырсақ, шын мәнінде, кемшіл кеткен біраз мәселенің түйіні шешілер еді...

– Өзімді толғандырып жастар проблемасы кезек күттірмейтін мәселе деп айтар едім. Біле білсек, жастарға қамқорлық жасауымыз, олардың тәрбиесіне терең мән беруіміз – ұлттық қауіпсіздігіміздің мәселесі. Егер біз бұл мәселеге тек қана оқушылар сағандарына сақтандыра алмасақ, бұл елдің, ұлттың келешегіне қауіп әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір зиянды құбылыстың таралуымен дер кезінде күресіп, жастарды дұрыс жолға бағыттай білейік. Жастардың ғылымға, техникаға, спортқа деген сүйіспеншілігін оятуымыз керек. Мемлекет тек қалаларда ғана емес, ауылдарда да Оқушылар сарайы үлгісіндегі іс-шараларды кеңейтуге тиіс. Спорттық, мәдени секциялар ата-аналар үшін де, балалар үшін де ыңғайлы әрі қолжетімді болуы керек. Өзім спортшы болған соң айтайын, спорт секциялары мен іс-шараларды қажетінше қаржыландыру жас жеткіншектерге жаман әдеттерден ашақ болуға мүмкіндік береді. Есіме өзім жақсы көретін «Балаңды аясаң, аяма!» деген сөз түсіп отыр. Осы жерде айтпағым, жасөспірімдерді мейлінше жаман әдетке бастайтын әрекеттерден аулақ ұстау үшін, бірінші кезекте, ата-ананың өзі балаларын мүмкіндігінше спорттық, мәдени-рухани секцияларға беруі керек деп ойлаймын. Жалпы, жас ұрпақтың зияткерлік және физикалық дамуына қолайлы жағдай жасау нашақорлыққа, темекі шегуге және энергетикалық сусындарды тұтынуға ғана емес, барлық деструктивті көріністерге қарсылық көрсетуіміз мүмкіндік береді. Сондықтан ел, қоғам, мемлекет болып жастарымызға төнген қауіптен бірге күресіп, заңнамалық тараптан талапты қатаңдатып, қажетіне қарай тыйым салып, бірге күресу қажет. Біз ұлттық болмысымызды сақтап, болашағымызды баянды етеміз десек, батыл қадамдар жасауымыз керек.

Сұхбаттасқан Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

ТАЛДЫКӨЛ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ

Талай тарихтың куәсі болған Ақмола Көшімхан тұсында Есіл қаласы атаныпты. Антропологтар бұл жерде адамдар өмір сүрген кезеңді бес мыңжылдыққа дейін апаруда. Сол ғасырлардан белгі болып бүгінде зираттар мен қорымдар ғана қалды. Дала мәдениетін қала ығыстырғанда олардың көбі құрылыс астында қалуы сол жерде жерленгендердің ұрпақтарының жанына батады. Ал сан ғасырлар бойы елдің тіршілігінің көзі болған таза көлдердің құрылыс үшін жасанды жолмен құрғатылуы – табиғи экожүйені бұзып, жерасты суларының бағытына кері әсер етеді. Бүгінгі Астана қаласы әкімдігі осы мәселеде халықтың жанайқайына құлақ түріп, елордадағы табиғи таза сулы Талдықөлді қалпына келтіру, оның айналасын абаттандырып экопаркке айналдыру және көл маңайындағы зират орындарын қоршау, белгі қою жұмыстарына мықтап кірісіп отыр.

Райхан
РАХМЕТОВА

Елордадағы №5 балалар кітапханасында өткен «Кіші Талдықөл аумағындағы ескі қорым мен зираттардың бүгінгі мен ертеңі» атты ғылыми-практикалық конференцияда Талдықөл тарихы кеңінен талқыланды. Талдықөлдің киесі мен қасиетін тарихшылар өз зерттеулері арқылы баяндаса, ата-бабалары осы жерде жерленген, өздері көлдің суын ішіп өскен ауыл қариялары көрген-білгендерін ортаға салды. Талдықөл ауылында 1949 жылы туып, ауыл 1964 жылы ыдырағанға дейін тұрған бүгінде зейнеткер Ғабит Мамыраев елді мекен тарихынан былай естелік айтты:

– Сол жылы мамыр айында қаланың қоқыс суын көлге жіберу мақсатында 300-ге тарта үйі бар Талдықөл ауылын 2-3 күнде қазіргі Ильинка ауылына көшіріп жіберді. Жаман үйлеріне ақша берді де, «кетіндер, қаладан бандиттер келеді, көшіңдер» деген соң, халық жылы орнын қимаса да амалсыз үдере көшті. 50 шақты үй Ильинкаға кетсе, қалғандары бытырап туыстарын іздеп жан-жаққа кетті. Халық жапа-тармағай көшкен кезде ауылдың зираттары қараусыз қалды. Бүгінде санасак, мұнда 4-5 зират бар екен. Нұра ауданы ашылғалы біздің мәселемізге назар аударыла бастады. Әкімдік біздің сөзімізге құлақ асты. Сол зираттар басында кісілерді жинап ас бердік, әруақтар рухына бағыштап құран оқыттық, артынан зираттарды тазаладық. Қазір оларды зират ретінде тану бойынша әрі қарай құжаттарын реттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соған қуаныштымыз. Зираттардың жағдайы өте мүшкіл. Оларды темір-терсекпен қоршағанмен, қаңғыбастар бұзып өкетеді. Сондықтан қазіргі Қараөткел қорымы сияқты мықты қоршау салу керек, – деді ақсақал.

Оның айтуынша, қазіргілер айтып жүргендей Кіші Талдықөл, Үлкен Талдықөл деген болмаған. Негізінде Талдықөлдің орнында 7 көл болыпты, ол көлдер таза суды тостағанға құйып қойғандай жарқырап жатады екен. Соның суын ішіп өскен ақжаулықты ана Алтынай Ермекбайқызы да естеліктерімен бөлісті.

– Ата-бабаларымыз ақтар қашып, қызылдар қуған кезде осында келген. Ауыл көлді айнала жайлайтын, көл маңы толған қарақат, неше түрлі жеміс-жидектер жайқалып өсіп тұратын. Құстың 5 мыңға жуық түрі болған деседі. Ондатраны балалар тұзақ құрып аулап, қалаға тапсырып отырған. Балығы шашып, халық қиын-қыстау кезеңде сонымен күнелткен. Тіпті жаппай ашаршылық кезінде



де бұл ауылға аштық келмеген. Талай адамға пана болған ауыл. Адамдары бауырмал жайсаң мінезді еді, келген қонағына пеш жағып, шәйін береді, киімдерін кептіріп, жағдайын жасайды. Мейірімділігін ұмытпаған халық болды. Талдықөл кезінде Ақмола халқы ақпен, қымызбен қамтамасыз етіп отырды. Әжелеріміз 200 литрлік бөшкеге қымыз құйып, қалаға әкеліп сататын. Тіпті Балұан Шолақтың Ғалиясы да Талдықөлдің қымызын сатқан дейді. Міне, осындай құтты мекеннің орнындағы көлдер мен зираттардың бүгінгі тағдыры бізді алаңдатып отыр. Себебі онда біздің ата-бабаларымыздың сүйектері жатыр, ол жерде біздің балалығымыз өтті. Мұнда Ескі қыстау деген орын болды, оны Үлкен зират дейтін. 18-19 ғасырдағы адамдар сол жерде жатыр. Бергі зират – кейінгі зират. Біздің тілегіміз – тарихи шыңдық орнына келсе, басқа арманымыз жоқ, – деді ол.

Көнекөз қарттардың мәліметі бойынша, Талдықөл ауылының аумағы өте үлкен болған. Оның шекарасы қазіргі Бозоқ, бұрынғы Бұзықтыдан бастап бір жағы Көкталға дейін, Комсомольскіден Қосшыға дейінгі жерді алып жатқан. Талдықөлдің киелілігі сонда – мұнда Әуіпүлдек деген құс болған. Қанаты қысқа, қамыстың бойымен бірдей



құс әуіп деп суды көтергенде су тазарып тұрады екен. Жалпы Талдықөл айналасында 7 емес, одан да көп 20 шақты көлдер бар деседі. Талдықөлдің ерекшелігі – оның астында су көздері бар, сол арқылы көлдің суы үнемі толып, жаңарып отырады. Мұндай көлдердің қасына қандай зауыт салса да сасмайды. 1970 жылдары ел ішінде Талдықөлді халық киелі көл деп атаған. Мұны естіген Хрущев көре алмастан «стереть» деген екен. Қазір осы ауылдан шыққан ақсақалдар

мыңдаған жылдарға кетеді. Қазіргі Мәңгілік ел даңғылын қазып, жол салып жатқан кезде Мәңгілік ел қақпасының тұсынан адам сүйегі шыққан. Зерттеу барысында ол 3 мың жылдық сүйек екені белгілі болды. Бұл сонша уақыттан бері мұнда адамдар өмір сүріп жатыр дегенді білдіреді. Біздің антропологтарымыз қазір оны бес мың жылға апарып жатыр.

Бейіт басына тас қою Еуропадан келген. Ал біздің арғы мәдениетімізде там салады. Оған түнеуге болады, там – саян болатын жер, там екі дүние арасындағы

жұмыстардың жоспарын айтты.

– Қазіргі таңда біз топографиялық үйлестіру жұмыстарын жасадық. Төрт зират орнын белгіледік. Сол жерлерді қоршаймыз және ресми қорым зират деген атау береміз. Арнайы құран оқытатын алаңқайы, қорым деген жазуы бар тақтайша қойылады. Соған сәйкес ол жерлер заңмен қорғалатын болады. Жылда бұл орындар айналасын аудан бюджеті арқылы абаттандыру да көзделуде. Тек бір мәселе бар. Жаңағы ірілеу зираттардың ар жағында бірлі жарым адам жерленген жерлер бар екен, соларды бері қазып әкеп бір зиратқа топтастыру бойынша мәселені әкімдік марқұмдардың туыстарымен, имамдармен жан-жақты талқылап, ақылдаса отырып шешуді көздеп отыр. Көлге байланысты гидрогеологтармен және басқа да тиісті мамандармен күнде талқылаулар жүріп жатыр. Бір дүние анық. Үлкен Талдықөлдің су көлемі 2007 жылдарға дейінгі деңгейге жеткізіледі. 1970 жылдары қаланың нәжіс суын айдаған екен. Сондықтан СЭС мамандары көл айналасында ауру ошақтарының бар-жоқтығын тексеруде. Соның қорытындысын күтіп отырмыз. Басқа көлдердің суы азайғаны рас. Негізінен, Үлкен Талдықөлдің суын барынша көбейтіп, бәрін соған қарай бұрып, жинап жатырмыз. Суын толтырып болғаннан кейін астын тазалау, алаңасын абаттандыру жұмыстарын жүргізу, көл жағалай жаяу жүргіншілерге экопарк салу көзделуде. Оның жоспары бар, бастапқы жобалау жұмыстарына қаржы бөлініп те қойған. Бұл шешілген мәселе, суы соңына дейін бітіп қалса да үстіне әкеп толтырамыз. Бер жағында табиғи жолмен тұрған көлдерге де ешкім тиіспейді. Қала әкімі күмән тудыратын құрылыстың бәрін тоқтатуға тапсырма берді. Бірақ су жоқ жерде қала дамиды, құрылыс болады. Көл тұрған жер сол күйі қалады, – деді Дәурен Бабаұратов.

Қатысушылардың бірі, Талдықөл ауылынан шыққан азаматтардың ұрпағы Ермек Керкеев орналасқан географиялық сәйкестігіне қарай Нұра ауданын Талдықөл деп атаған жөн болатынын, алайда енді кеш болғандықтан, болашақта тағы бір аудан ашылса, соған Талдықөл атауын беруді ұсынды.

– Атауға келетін болсақ, маған да азамат ретінде Талдықөл деген аты ұнайды. Алайда қазіргі атауды Есіл мен Нұра – егіз өзендер, екеуінің арнасы 10 жылда бір рет қосылып тұрады екен. Қатар жатқан қос өзендей қатар жатқан екі аудан да солай аталғаны дұрыс шешім деп қарастырылды. Дегенмен алда қала кеңейері сөзсіз. Демографтар 2030-2035 жылдарға қарай Астана халқының саны 2 миллион адамға жетеді деп болжайды. Сол кезде жаңадан аудан ашылар болса, соған Талдықөл атауын беруді бірінші кезекте ұсынатын боламыз, – деді басқарма басшысы.

Талдықөл ауылында туғандар мен олардың ұрпақтары бүгінде ауыл тарихын, көлдің тағдырын, зираттар мәселесін көтеруде жоқтаушылар болғандықтан, бас біріктіріп, арнайы ұйым құруды, «Талдықөл тағдыры» атты естелік жинақ шығаруды жоспарлап отыр.

Елордада рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою жұмысы тұрақты негізде жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері қаланың бес ауданында 41 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, полигондарға шығарылды.

ҚОҚЫС ҮЙІНДІЛЕРІ ШЫҒАРЫЛУДА

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Темірлан Ариновтың айтуынша, бүгінгі таңда ауданда 16 мекенжайда рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері анықталып, 14 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

– Аппарат мамандары экология полициясымен бірлесіп күнделікті мониторинг жүргізуде. Тәртіп бұзушыларды бейнебақылау камералары арқылы анықтаймыз. Сондай-ақ бұл мәселеде аудан тұрғындары да көмектеседі. Ағымдағы жылы Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасымен бірлесіп отырып, «1000 камера» жобасы аясында рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері жиі жиналатын мекенжайларға камералар орнатуға жоспарлап отырмыз. Осыған орай, қала тұрғындарын көлемді және құрылыс қалдықтарын Алаш тас жолының бойында орналасқан арнайы полигонға шығаруды сұраймыз. Ал қоқыстарды заңсыз орында төгіп жатқан жүк көліктерін байқасаңыз, 102 нөміріне хабарласуға кеңес береміз, – деді Т.Аринов.

Алматы ауданында 9 учаскеде анықталған 39 орынның 25-і жойылды. Аумақты бақылау үшін 4 мекенжай бойынша бейнебақылау камералары орнатылады. Нәтижесінде, полигонға 1049,18 тонна қоқыс шығарылды. Аталған жұмыс барысына барлығы 15 бірлік техника, оның ішінде 4 бірлік тиегіш, 11 бірлік самосвал жұмылдырылды. Байқоңыр ауданында мониторинг арқылы 8 мекенжай бойынша рұқсат етілмеген 9 орын анықталды. Олардың сегізі жойылды, біреуі жою бойынша жұмыс жалғасуда. Қоқыстар «Северная Гряда» мен «Эко-Полигон» құрылыс қалдықтары полигондарына шығарылды.

Есіл ауданында рұқсат етілмеген үйінділерді жою жұмыстары ағымдағы жылдың сәуірі айынан бастап жүргізілуде. «Жетісу» тұрғын үй кешенінің жанындағы қоқысты жоюға тұрақты негізде 2 бірлік тиеу техникасы, 8 самосвал, қосымша 10 самосвал тартылды. «Жетісу», «Ақсу», «Лепсі», «Нова сити» тұрғын үй кешендерінің маңындағы, Ұлы Дала даңғылы «Нұрлы жол» вокзалына қарай, Хусейн Бен Талал көшесінің жалғасы – қоқыс жиналатын негізгі нүктелер. Құрылыс қоқыстарының жиналатын негізгі нүктелерінде Цифрландыру басқармасымен бірлесіп, биыл «1000 камера» бағдарламасы аясында тәулік бойы жұмыс істейтін бақылау камераларын орнату жоспарлануда.

Сондай-ақ Есіл және Нұра аудандарында «Нұрлы жол» вокзалына қарай Ұлы Дала даңғылындағы қоқыстарды жою жұмысы жүріп жатыр.



№75 (4508) 27/06/2023 Сейсенбі

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!



Қадірлі отандастар! Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала бәріміздің мерейімізді үстем етсін!

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарын (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен нығметтің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышқа бөлейді. Өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегіне қуаныш сыйлау» деген.

Халқымыз «Бота алғанша бата ал» дейді. Үлкеннің, жалпы көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, оны мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік

құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Ардақты ағайын! Алла қаласа, биыл елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма ел азаматтарына, әсіресе қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайтына іске қосты. Барша мұсылман қауымын мүфтияттың «Рабың үшін құрбан шал» қайырымдылық акциясына үлес қосып, сауапты істерде белсенді болуға үндеймін. Бүгінде әлем мұсылмандары Мекке қаласында қажылық жасауда. Солардың қатарында парызын өтеп жүрген 4 мың отандасымыздың ниеті мен дұғасы қабыл болып, елімізге аман-есен оралуын тілейміз.

Алла Тағала еліміз бен жерімізге берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақаларымызды, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істерімізді қабыл етпей. Әмин!

**Наурызбай қажы
ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан
мұсылмандары діни
басқармасының
төрағасы, Бас мүфти**



НЕНІ ЕСКЕРУІМІЗ КЕРЕК?

Құрбан айт күндері мұсылмандар құрбан шалуға ниеттенеді. Осы орайда құрбан шалуға, оған қажетті малды таңдауға қатысты көп сауалдар туындайтыны мәлім. ҚМДБ шарифат және пәтуа бөлімі дайындаған сұрақ-жауаптарды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ҚҰРБАНДЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Құрбан – араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ араб тілі мамандары оған: «Күн тас төбеге көтерілуіне біршама уақыт қалғанда сойылатын қой немесе құрбан айт күндері бауыздалатын мал» деп түсіндірме берген.

Ал шарифаттағы мағынасы – Алла Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен белгілі бір уақытта, ереже-шарттарын ескере отырып, мал шалу.

НЕГІЗГІ МӘН-МАҒЫНАСЫ НЕ?

Құрбандық шалудың мән-мағынасы туралы Жаратқан Жаббар Хақ былай дейді: «Өздерің жақсы көргенді Алла жолына жұмсамайынша игілікке жетпейсіңдер». Аяттың мәні – пенде мал-мүлкінің ең жақсысын садақаға, зекетке бермейінше, Раббысының разылығына жетпейді дегенге саяды. Демек, Алла Тағала разылығы үшін құрбандық шалғанда мұсылманның ықылас-ниеті, Жаратушы Иесінің әміріне бойұсынушылығы сыналады. Ибраһим пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) сондай сынақтан өткен. Жалпы, адамзатқа дүние-мүлік Алланың разылығына жетуге себепкер болып, ақыреттегі азаптан сақтайтын қалқан болуы үшін берілген. Алла Тағала құрбандыққа шалынған малдың қанына, еті мен терісіне мұқтаж емес. Қасиетті аятта айтылғандай, Жаратқан Иеге керекті ол емес, пендесінің ақ пейілі, ықылас-ниеті ғана. Хақ Тағала былайша баяндайды: «Аллаға олардың еттері де, қандары да жетпейді. Алайда Оған сендердің тақуалықтарың ғана жетеді». Расында да, Алла Тағала үшін маңыздысы – құлшылықтың формасы емес, мағынасы. Пенденің ықылас-пейілі, тақуалығы басты назарда болмақ.

Құрбандық шалу – Алла Тағала үйіп-төккен сансыз нығмет-несібелеріне әрі жылдан жылға аман-есен жеткенге шүкіршілік ету һәм жыл бойы жіберген күнә-қателіктерді жуу үшін орындалатын ғибадат. Сондай-ақ мұсылман шалған малының етінен бала-шағасына, ағайын-туысына, көршілеріне, сондай-ақ мұқтаж жандарға таратады. Сол арқылы қоғамдағы береке-бірлік, ынтымақ, жанашырлық, татулық арта түседі.

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ҮКІМІ ҚАНДАЙ?

Ханафи мәзһабы бойынша (құрбан айт күндері) құрбандық шалуға шамасы келген дәулетті (қажетінен тыс зекеттің нисап мөлшеріне жеткен), азат, балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, құрбан айт уақытында жолаушы болмаған мұсылманға уәжіп. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Раббыңа намаз оқып, құрбандық шал!» деп бұйырды. Бұл жердегі бұйрық рай уәжіпті білдіреді. Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) міндеттелген нәрсе үмметіне де – уәжіп. Өйткені Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмметіне үлгі ретінде жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жағдайы бола тұра құрбандық шалмаған кісі біздің мешітімізге жақындамасын» деп қатаң ескерткен.

ӘЙЕЛ АДАМ ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУҒА МІНДЕТТІ МЕ?

Әйелдің мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетсе, ол ер адам сияқты құрбандық шалуы керек. Өйткені ислам шарифаты дүние-мүлікке қатысты мәселеде отбасындағы әрбір жаңды жеке-жеке қарастырады. Егер отбасындағы ер кісінің немесе әйелінің өз дүниелері қажетінен артып нисап мөлшеріне жетсе, олардың әрбірі құрбандықты жеке-жеке шалуы тиіс.

ЖОЛАУШЫҒА МІНДЕТТІ МЕ?

90 шақырымнан астам жерге сапарға шыққан адамға құрбандық шалуы міндетті емес. Бірақ нәпіл ретінде құрбандық шалса, сауапқа кенеледі. Алайда жолаушы айт күндерінің демалысын пайдаланып немесе басқа да себептерге байланысты сапарлап барған жерінде құрбандық шалуына рұқсат етіледі. Оның сапарға шыққаны құрбандық шалуына және құлшылығының қабыл болуына кедергі болмайды. Жолаушы сапарда жүріп құрбандық шалып, айт күндері бітпей жатып үйіне қайтса, оған екінші рет құрбандық шалуы міндетті емес. Сондай-ақ айт күндерінің басында тұрғылықты болып, кейін айт күндерінің ішінде сапарға шықса да оған құрбандық шалу міндеттелмейді. Ал егер айттың бірінші күні сапарда болып құрбандық шалмаса, кейін айт күндері үйіне қайтса оған құрбандық шалу тиіс болады.

БАСҚА БІРЕУДІҢ АТЫНАН ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУҒА БОЛА МА?

Басқа біреудің атынан құрбандық шалуға рұқсат. Алайда құрбандық шалған адамның өзі және басқалары да жесе болады. Егер құрбандық шалса, құрбандығы жарамсыз болады.

ДҮНИЕДЕН ӨТКЕН АДАМНЫҢ АТЫНАН ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУҒА БОЛА МА?

Дүниеден озған адамның атынан сауабын бағыштау ниетімен құрбандық шалуға болады. Бірақ құрбандық шалуға міндеттелген адам ең әуелі өз атынан құрбандық шалуы тиіс. Әли (Алла оған разы болсын) екі құрбанның біреуін өзінің, екіншісін Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) атынан шалатын. Бұның себебін сұрағандарға ол: «Алла Елшісі кеудемде жаным бар кезде Өзі үшін құрбандық шалуымды өсиет етіп кетті» деп жауап берген екен. Өлген адам үшін құрбандық шалғысы келген адам мұны құрбан айт күндері шалуы керек. Құрбандықтың етінен құрбандық шалған адамның өзі және басқалары да жесе болады. Егер құрбандық шалуға қайтыс болған адам өсиет етсе, бұл құрбанның етінен мұрагерлері жей алмайды, бәрін түгелдей кедейлерге таратып беру керек.

ҚАРЫЗ АЛЫП ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛСА БОЛА МА?

Егер бір адамға құрбандық шалу уәжіп болса, алайда қасында ақшасы болмаса, қарыз алуы міндетті. Ал егер оған құрбандық шалу уәжіп болмаса, өзі мұқтаж адам болса, оған құрбандық шалу үшін қарыз алу дұрыс емес.

Өйткені Алла Тағала пенделеріне шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді. Ол туралы Алла Тағала Құранда былай дейді: «Алла ешбір жанға күші жететінінен басқаны жүктемейді».

ҚҰРБАН ҚАЙ УАҚЫТТА ШАЛЫНАДЫ?

Құрбандық шалудың белгілі уақыты бар. Құрбанды одан бұрын немесе кейін шалуға болмайды. Құрбанды айттың бірінші күні айт намазынан кейін бастап, айттың үшінші күні ақшамағаз уақыт қалғанға дейін күндіз және түнде шалуға болады. Алайда түнде шалу – мәкруһ. Бұл күндер зул-хиджа айының оныншы, он бірінші және он екінші күндері. Бірақ айттың бірінші күнінде шалу абзал. Омар, Әли, Ибн Аббас, Ибн Омар, Анас, Әбу Һурайра сынды сахабалар (Алла оларға разы болсын): «Құрбандық шалу уақыты – үш күн, абзалы – бірінші күні» дейді. Егер құрбандық уақытынан бұрын шалынса, құрбандыққа есептелмейді. Ол жай өз отбасы үшін сойылған мал болады, айттың бірінші күнінде шалуға болады. Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын. Ал кім шалмаған болса, Алланың есімінен бауыздасын» делінген. Ал уақыты өтіп кеткеннен кейін шалынса, онда етін жемей садақа етіп жібереді. Егер құрбандық шалудың уақыты өтіп мал бауыздалмаса, онда кедей болса сатып алған малын тірідей садақа етеді. Ал дәулетті кісі малды сатып алса да, алмаса да оның құнына тең ақшаны садақа етіп береді.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНАТЫН МАЛДА ҚАНДАЙ ШАРТТАР ТАБЫЛУА ҚАЖЕТ?

Ешкінің және қойдың жасы бір жылдан асып екінші жылға кіргені, сондай-ақ алты айлық марқа қозы (бір жасар қой секілді) ірі, қонды болса құрбандыққа жарамды. Алайда ешкі малының жасы бір жылдан кем болмауы керек. Сиярдың екі жасқа толып, үшінші жылға кіргені, ал түйенің жасы бес жылдан асып, алтыншы жылға кіргені құрбандыққа шалуға болады. Сонымен қатар сойылатын малдың кемшілігі, кінәраты болмауы керек. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Малдың тек «мусиннасы» құрбандыққа шалындар. Егер сендерге мұны шалу қиын болса, қойдың «жазағасын» (алты айлық семіз қозы) бауыздандар» деді. Түйенің мусиннасы деп – бес жасарына, қарамалдыкі – екі жасарына, қойдыкі – бір жасарына айтылады.

Құрбандыққа шалынатын мал түрлі айыптан, кемшіліктерден ада болуы шарт. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Төрт мал құрбандыққа жарамайды: соқырлық айқын, ауруы анық, ақсақтығы мәлім, жілік майы таусылған (тым арық) малдар» деген. Құлағына ен салынған мал құрбандыққа жарайды. Егер малдың құлағы ұзынынан немесе ұшы ғана кесілген болса, ондай малды құрбандыққа шалуға болады. Қос мүйізі немесе бір мүйізі түбінен сынып қалған болса, ондай мал құрбандыққа жарамайды. Ал мүйізі жартысынан бөлініп немесе туғаннан мүйізі жоқ болса, ол малды құрбандыққа шалуға болады. Малдың тістері мүлде болмаса немесе жартысы не одан астам тістері жоқ болса, мұндай малды құрбандыққа шалуға болмайды. Ал егер тісінің көбірегі болса, онда ол құрбандыққа жарамды. Құрбандық малдың екі көзі немесе бір көзі не үштен бірі, яки одан да көп бөлігі соқыр болса, мұндай мал құрбандыққа жарамайды. Алайда көзі қыла малды құрбандыққа шалуға рұқсат етілген. Тумасынан құйрығы жоқ не үштен бірі немесе одан да көп бөлігі жоқ мал құрбандыққа жарамайды.

ҚҰРБАН ШАЛАТЫН ОРЫНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Астана қаласында қасиетті Құрбан айт мерекесі күндері құрбан шалатын орындар анықталды. Бұл туралы Дін істері жөніндегі басқармаға сілтеме жасай отырып, Астана қаласының әкімдігі ақпарат таратты.

Биыл Құрбан айт мерекесі 28-30 маусым күндері өтеді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мәліметіне сәйкес, қала мешіттерінде 28 маусым күні сағат 6.00-де «Айт намазы» оқылады.

Елордада арнайы бекітілген мынадай мекенжайлар бойынша сағат 08.00-ден 18.00-ге дейінгі уақытта құрбан шалуға болады:

- «Ұлжан» әмбебап базары, Сарыарқа ауданы, Н.Тілендиев көшесі, 24 (бұрынғы «Саянұр» базары);
- «Жайлау» базары, Байқоңыр ауданы, Алаш тас жолы, С-313 көшесі («Шарын» базарының арты);

3. «Шанхай» базары, Байқоңыр ауданы, Алаш тас жолы, 34/6 («Көк базар» базарының арты);

4. «Шопан ата» базары, Байқоңыр ауданы, («Рубиком» және «Әмір» базарының ортасы);

5. «Баракат» базары, Байқоңыр ауданы, А-369 көшесі, №10 ғимарат.

Құрбандыққа сойылған ет түгелдей әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға үлестіріледі. Құрбан айт мерекесін атап өту күндері халыққа құрбан шалу және тағы басқа өзекті мәселелер бойынша ақпарат тарату үшін тәулік бойы «109» Call-center жұмыс істейді.



Бетті дайындаған Төлән ТІЛЕУБАЙ

АҚСЕЛЕУ МЕН АМАНГЕЛДІНІ ЕСКЕ АЛДЫ

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Алаш ардақтысы Ақселеу Сейдімбекті еске алуға арналған дәстүрлі тастаяқ турнирі биыл да жалғасын тапты. БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өткен аталмыш турнирдің ұйымдастырушысы – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультеті.

Турнирдің ашылу салтанатында көрнекті қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығара Салғараұлы жан досы Ақселеу Сланұлын еске алып, ұйымдастырушыларға шынайы алғысын жеткізді. Оның сөзін классик жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Төлен Әбдік, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректоры, Ұлттық ғылым академиясының академигі Ерлан Сыдықов, белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын



Жұртбай, белгілі жазушы-публицист, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайыл, Ақселеу Сейдімбектің інісі Асылхан Сейдімбек жалғап, журналистерді кәсіби мерекелерімен құттықтады. Турнирдің бас төрешісі, белгілі спорт журналисі, жазушы Несіп Жүнісбайұлы болды.

Жарыс қорытындысында 60 жастан асқандар арасынан бірінші орынды ардагер журналист Сәдібек Түгел, екінші орынды тележурна-

лист Әлімжан Сабыржанұлы, үшінші-төртінші орынды сәйкесінше ғалым Тұрсын Жұртбай мен журналист Аяған Сандыбай алды. Ал 60-қа дейінгілер арасында бас бейгені Талғат Ешенұлы, екінші орынды Дәулеткерей Көпұлы иеленді.

Сонымен қатар белгілі спорт комментаторы Амангелді Сейітханды еске түсіруге арналған «Жеңісті күндерде жүздескенше!» атауымен билырдан дәстүрлі республика-

лық турнир ұйымдастырылды.

Командалық жүйемен өткен турнирге 13 команда қатысты. Белгілі спорт журналисі, жазушы Несіп Жүнісбайұлы бас төреші болған жарыста Дәулеткерей Көпұлы, Бауыржан Қарағызұлы, Тілеубек Батыс және Ұларбек Нұрғалымұлы құрамында болған «Қастауыш» командасы жеңіске жетті. Финалда олар «Ұлттық арна» құрамынан басым түсті. Ал «Қазақ спорты» газеті үшінші орынды иеленді.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің журналистері мен Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді өмір сүру орталығы» мекемесіне келушілер арасында шығармашылық кездесу өтті.



Елордалық ардагерлер мен зейнеткерлердің сүйікті орнына айналған мекемедегі кездесуге «Elorda aqparat» медиасеріктестігінің директоры Олжас Сыдықбек, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Қыдыр, «Вечерняя Астана» газеті бас

редакторының орынбасары, «Ақпарат саласының үздігі» Шолпан Акбалаева, сондай-ақ белгілі журналистер Ғалым Қожабеков, Айгүл Альжаксина, Гүлбаршын Өкешқызы, Айгүл Уайс, Құралай Мұратова және фототілші Сұлтан Сейітов шақырылды.

Кездесуді ашқан Есіл ауда-

ны «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің бөлім басшысы Жанар Есенманова құттықтау сөзбен ашып, зейнеткерлер мен журналистер арасында мағыналы сұхбат өрбіді.

Зейнеткер Гүлжамила Қонақбаева «Астана ақшамы» газетінде көп проблемалық

мақалалар жиі жазылатынын айтып, сол жазылған мақалаларға байланысты әкімдік немесе министрліктер тарапынан қандай әрекет болады немесе қандай да бір іс-шара қолданыла ма деген сауал қойса, зейнеткер Ғайнижамал Мұқанова қаладағы су мәселесі, Талдықөл туралы сұрады, еңбек ардагері Хамза Оспан астаналық журналистерге ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде журналистер әрбір сұраққа тиянақты жауап беріп отырды.

Кездесудің екінші бөлігінде «Ветеран» халықтық қалалық ардагерлер хоры «С чего начинается Родина», «Красавица Астана» әндерін шырқаса, орталықтың белсенді мүшелері журналист-зейнеткер Қарлығаш Құспанова мен Сәуле Алдажұманова, авторлық әнін орындаған Фарид Нұрділдина қонақтардың ыстық қошеметіне бөленді.

Өте әсерлі, жылы шырайда өткен жүздесудің соңында мекеме басшысы Мұхтар Еркетаев «Elorda aqparat» медиасеріктестігі ұжымын кәсіби мерекесімен құттықтап, алғыс хат табыстады.

Кеше Астанада Amanat партиясы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мерекесіне орай жариялаған Amanat медиа сыйлығы – 2023 республикалық байқауының қорытынды кеші өтті. Байқау жеңімпаздарының арасында «Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы Төлен Тілеубай бар.

ӘРІПТЕСІМІЗ – АМАНАТ ЖЕҢІМПАЗЫ



Әріптесіміз «Еліміздегі реформалар туралы үздік материал» аталымында топ жарды. Жүлдені оған Amanat партиясының төрағасы Ерлан Қошанов тапсырды. Журналистиканы ғылыммен ұштастырған Төлен

– үш кітаптың авторы. Өткен жылы «Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгінгі мен ертеңі» кітабы жарық көрді. Тәжірибесі мол журналисті үлкен жетістігімен құттықтаймыз!

ЖУРНАЛИСТ-АКАДЕМИК

Төл мерекеміз қарсаңында редакциямызға қуанышты хабар келді. «Astana aqshamy» газетінде 30 жылдай табан аудармай қызмет етіп келе жатқан әріптесіміз Ғалым Қожабеков Қазақстан Журналистика академиясының мүшелігіне қабылданып, академик атағына ие болды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстан журналистика академиясының президенті, көрнекті публицист Сағымбай Қозыбаев жақында Алматы

журналистикасына өлшеусіз еңбек сіңірген Мұрат Әуезов, Нұртөре Жүсіп, Сауытбек Абдрахманов, Дархан Мыңбай, Қали Сәрсенбай, Бибігүл Жексенбай, Қайрат Сақ және басқа да көптеген белгілі журналистика қайраткерлері



РАЙХАН – ЛАУРЕАТ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Қазақстан Журналистер одағының биылғы лауреаттары мен Қазақстанның Құрметті журналисі атағын иеленген қаламгерлер анықталды.

Осы жылғы лауреаттардың арасында «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Райхан Рахметова бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі Райханның журналистикадағы жалпы еңбек өтілі жиырма жылға жуықтайды. Журналистік жолын «Қазақстан» ұлттық

арнасынан бастаған ол басқа да телеарналар мен басылымдарда жұмыс істеді. «Астана ақшамы» газетіне келгеніне үш жыл болды. Әртүрлі тақырыпта жазатын журналист, негізінен, денсаулық сақтау саласы туралы қалам тербейді. Райханды ұжым атынан құттықтаймыз!

Таяуда ғана газетіміздің ардагері, ақын, аудармашы Амангелді Жұмабек өмірден өтіп кетті. Биылғы Қазақстанның Құрметті журналисі атағын иеленген қаламгерлер тізімінің арасында есімін көріп, ағаның асыл бейнесін еске алдық. Ардагеріміздің рухы пейіште шалқысын!



қаласында әріптесімізге мүшелік билеті мен академик куәлігін тапсырды.

«Қазақстан журналистика академиясының академигі ғылыми атақ емес, бұл шығармашылық тұлғаға, журналистика саласына сіңірген ерен еңбекті бағалайтын атақ. Біздің ұйымның қатарында тәуелсіздік дәуірінде қазақ

бар. Бүгінгі таңда академия мүшелігіне көрнекті жас журналистерді де қабылдап жатырмыз» деді Журналистика академиясының президенті өзінің құттықтау сөзінде.

Біз де әріптесіміз Ғалым Қожабековті құрметті атағымен құттықтап, шығармашылық шабытының арта беруіне тілектеспіз.

Айгүл
УАИС

БАЛАНЫҢ ҚАЛТАСЫНДА АҚША БОЛСЫН!

Әлемді ақша билеген заманда бұл, әрине, кешірілмейді. Өзіміз шала сауатты болсақта, болашақты бүгіннен бастап ойлағанымыз дұрыс болар. Бала әке-шешесінің жанында жүргенде білінбейді. Алайда мектеп бітіріп, үйренген ортасынан ажыраған кезде, қаржы мәселесі алғаш рет алдынан шығады. Егер отбасында ақша ұстап, оны орынды жұмсауды білсе, қинала қоймас. Дегенмен, ақшаның жауапкершілігі көбін жаңылдыратыны рас.

Отбасы – өзіңіз білетіндей, баланың қоғамға бейімделіп, әлеуметтенуінің алғашқы ортасы. Басты мектебі. Дәл солай, әрбір адам өз отбасында ақшаның мәнін ұғып, ауыздықтанады. Баланың өзіне, қоршаған ортаға деген көзқарасы отбасында қалай қалыптасса, әрі қарайғы тірлігі де осыған тығыз байланысты. Оны бір сөзбен «ұшқанда соны ілерсің» деп те айтып кеткен. Ақшаны да жұмсау, қорлану, қаржы әлемінің құпия сырларына қанығу осы жерде басталады. «Отбасылық ақша мәдениеті» деген ұғым бар. Ол – үлкен ілім. Оны әркім әрқалай реттейді, қал-қадірінше басқарады. «Басқарады» деген сөз соңғы кезде санамызға сіңіп келеді, әйтпесе қалтадағы теңгені кім қалай басқарып көріпті дерсіз. Ақша ең момыны қайда жұмсасаң сонда кетеді. Тиімді жұмсау, артық жұмсамау, айлық жалақыны есептеп, санап, келесі жалақыға дейін жеткізіп, артылғанын жинау... Айта берсеңіз, бұл да бір жұмыс. Қиын жұмыс. Өйткені мол ақша болса жақсы, тиынға тиын қосып қарызданып та кететін жайымыз бар. Осындайда «ақша ұстау білмейсің» деп өзімізге өкпелеп жатамыз. Оған кім кінәлі?!

Қазіргіні қайдам, жас кезімізде қолымызға ақша ұстатпайтын. Оған қажеттілік те болмайтын. Жас бала ата-анасына қарап өседі. Ересектердің өздері қорлануға құнтсыз болып,



Байлық, дәулет, ақша, қорлану, қаржылық сауаттылық туралы аз айтылып жатқан жоқ. Сонда да қаржы саласына келгенде, көбіміздің орныққан көзқарасымыз бар. Одақтың кезінде ақша табуға көзқарас басқаша болатын, мол ақшаның артында «арамдық» жатқандай байлыққа кенелгендерге жиірекшілігі көзбен қарауға үйретті. Саясат солай болатын. Одан кейінгі жылдарда да небір жылпостар кәсіпкер атанып, жаман атағы жария болып, дәулетті болуға апаратын жолдан жаңылыстырып жіберді. Өз ақылымен, маңдай терімен дәулеттенгендер аз айтылып, олардың өнегесі көпшілікке мәлім еместіктен басына бақ қонып, дәулеті тасығандар көпке өнеге бола алмады. Айналып келгенде, жалпыға ортақ қаржылық сауаттан көбіміз құралақанбыз. Осы жағдай басымызға келгенде білетіндерден сұрап, оны да түсіне алмай, біреудің жетегінде жүргенге ықтиярмыз.

қолдағы ақшаны оңды-солды жұмсауға бейім болса, онда оны көріп өскен бала да қаржысына мықты бола бермейді. Сол себепті, ерте бастан баланың қолына ақша ұстатып, оның не екенін ерте білгенінің артығы жоқ.

Алғаш рет баланы дүкенге жұмсап, алғашқы қаржылық сауатын ашамыз. Бәлкім, одан да ертерек болар, ағайын-туыстары баланың туған күні, немесе айтарлықтай бір оқиға болса, балаға ақша ұстататын кездері болады. Бұл да алғашқы тәжірибесі болып есептеледі. Мектепке барғанда күнделікті жұмсайтын ақшасын да беріп отырады. Үлгерімі жақсы болып, бестіктердің

де бес тиынға баланатын кездері болады. Бұл – баланың қаражат көздері.

Шетелдік зерттеушілер баланың қалтасындағы ақша бала үшін қаржылық тәуелсіздігінің алғашқы баспалдағы дейді. Бұл баланың ақшаның қызуын сезініп, беталды жұмсай бермей, үнемдеуге үйретеді. Бала өзін ақшасы арқылы толыққанды адам ретінде сезінуі керек дейтіндер де бар. Жас болса да жауапкершілікпен жұмсауды және өз бюджетін есептеуді тез үйренеді. Ол қателіктерге жол берсе, жоғалтып алса, не болмаса керек емес заттарды сатып алып, ақшаны тауысса, ата-аналары шығындарды түсіндіріп,

кез келген іс-әрекетінің салдарын болжай білуге үйретуі керек.

Шынымен де бала өмірінде ақша ұстап көрмесе, өзіне тиесілі теңгесі болмаса ақшаның не екенін қайдан біледі? Өсе келе қаражатын ұқсата алмайтындар, былапыттап әр нәрсені сатып ала беретін, ақшаның қадіріне жетпейтін дүмбілез біреу болып шықпай ма? Баланың қолына ақша ұстатпаудың бір жаманы, аспаннан теңге жауғандай қарап ата-анасының ақшасын судай шашуға дағдыланады.

Балаға ақша бергенде оны тек ойын-сауыққа және өзінің жеке рахатына жұмсау керек деген

де ой болмауы керек. Өзі таппаса да, өзгелердің тапқан-таянған ақшасының құнын біліп, бағалап өсуі керек. Сайып келгенде, ақшаны дұрыс басқаруды осы жерде түсінеміз.

Әр нәрсе ұсақ-түйектен басталады. Баланың қалтасындағы ақша ең алдымен, оның есебін шығарып, тиынға тиын қосып санауды үйретеді. Нан мен сүт, балмұздақ қанша теңге тұрады дегендей сұрақтың жауабын ерте бастан біледі. Қалтасындағы ақшаға қарап таңдауды, өзіне не ұнайтынын, нені қаламайтынын білетін болады. Ұнаған затына ақша жетпесе қорланудың қажет екенін біле бастайды. Бұл



Шетелдік зерттеушілер баланың қалтасындағы ақша бала үшін қаржылық тәуелсіздігінің алғашқы баспалдағы дейді. Бұл баланың ақшаның қызуын сезініп, беталды жұмсай бермей, үнемдеуге үйретеді. Бала өзін ақшасы арқылы толыққанды адам ретінде сезінуі керек дейтіндер де бар. Жас болса да жауапкершілікпен жұмсауды және өз бюджетін есептеуді тез үйренеді дейді

да керек нәрсе. Яғни өсе келе несиеге ұрынбай, қорлану арқылы да керек затына қол жететінін білетін болады. Қызыққан затынан бас тарту да бала үшін оңай нәрсе емес. Алайда ақшасын қимаса, қажеті аз, сапасыз нәрседен, тауардың басқа да басымдықтарын анықтап білетін біледі.

Қалтасында үнемі тиын жүретін бала өзін-өзі бағалауды үйренеді деп те айтады. Ақша дегеннің қызуы бар ғой. Кейде қалтасындағы ақшасын ата-анасына «қарызға» беріп кісімісін қалатындар да бар. Бұл да дұрыс тәрбие. Осылайша өзін «тең дәрежеде сезініп, келісімшарт жасасу, қарыз алу, ортақ іс үшін үлес қосу мүмкіндіктерін басынан өткереді. Баланың жеке ақшасы қалтасында болса, жұмсай бермеуге өздігінен төселеді. Адам психологиясы солай, өзінен гөрі өзгенің ақшасын жұмсауға бейім келеді. Сол себепті

оларға әке-шешесінің ақшасын жұмсау жеңілдірек. Сол себепті қаржының басы құралуы үшін балаға болса да, қалтасына ақша салып сену керек.

Бір жағынан алсаңыз, ақша баланы бүлдіреді деп қорқамыз да. Кейде тәрбиелік, не көңіл бөлмей өзге де олықлықтарымызды толтыру үшін ақша беріп құтыламыз. Өкінішке қарай, бұған да еті ерте үйреніп, ата-анаға деген махаббат пен сүйіспеншілікті теңгенің көлемімен алмастыра бастайды.

Қанша дегенмен, ата-аналар өсіп келе жатқан перзенттері үшін баланың қалтасына салатын ақшасы оларды үнемділікке, аздап еркіндікке, кейде жауапкершілік өз алдына, тәуелсіздікке тәрбиелеудің маңызды тұсы екенін түсінеді. Балаларға қалтаға ақша беру көбінесе 6-7 жастан басталады. Бұл жаста, әдетте, бала ақшаны пайдаға жұмсау керек екенін түсіндіріп, қамқорлап отыру керек. Берілетін ақшаның мөлшері отбасының мүмкіндігіне байланысты, бірлескен келісіммен, құрдастарының ата-анасынан алған орташа көлеміне қарап белгілеген жөн.

Берілген ақша баланың алған мектеп бағасына әсер етпеуі керек дейді. Меніңше, бір жақсы баға үшін, немесе қиын кітапты оқып тағы басқа жетістіктері үшін ақшалай қолдаудың зияны жоқ.

Баланың қолына ақша беру әркімнің жеке шешімі, бала жасынан ақша ұстап көрмесе, ысырапшыл болып, ақшасын мүлде басқара алмауы оның өз дәрежесінде жеткіліксіз әлеуметтенуінің бір себебі дейміз.

Ата-аналар балаларын ақшаны дұрыс басқаруға уақытында үйретпесе, үлкейгенде орны үңірейіп қалуынан сақтанған жөн.

Баланың экономикалық әлеуметтенуінің маңызды факторы ақша екенін білуіміз керек. Оның жетіспеушілігі дамуына ықпал етіп, қызғаныш, ашкөздік, ақшаның күшін асыра бағалау, ысырапшылдық, басқа да жағымсыз қасиеттерге жеткізуі әбден мүмкін.

Халық жадынан кетпейтін өміршең әндерді қазақ даласында шырқап, насихаттауда ансамбльдер орны ерекше аталады. Дәстүрлі өнердің алтын тінін жалғап, кейінгі ұрпаққа ұлт музыкасының құндылығын дәріптеп келе жатқан сондай ансамбльдер бас қалада да бар. Солардың бірі – қаланың Алматы ауданына қарасты «Арқа әуендері» халықтық ансамблі. Биыл құрылғанына 10 жыл толатын ансамбль ұлттық бояуы қанық дәстүрлі халық әндері мен қазақ композиторларының туындыларынан құралған ерекше репертуарымен әнсіуір қауымды тәнті етіп келеді.

Индира
БЕРЖАНОВА

«Арқа әуендері» халықтық ансамблі 2013 жылы қазіргі көркемдік жетекшісі Кенжетай Жанұзақованың бастамасымен құрылды. Бастапқыда қыздар дуэтті ретінде өнер көрсеткен топтың әуелгі атауы «Шолпан» еді. Кейін ұжымдағы өнерпаз саны 5-ке артып, жігіттер тобы қосылған соң, арқаның бойында қанат жайған ансамбль «Арқа әуендері» аталды.

Бүгінде ансамбль құрамында жиырмадан аса өнерпаз бар. Ан-

самбль құрылғалы ұжымда табан аудармай қызмет істеп, өнер көрсетіп жүргендер қатарында Ибраһим Әлімбаев, Айымторы Омарова, күйшілер Теміреш Кереев, Бексұлтан Төлегенов, Жаңыл Қарабай бар. Олардың әрқайсысы – түрлі салада қызмет атқарып, қазірде құрметті демалысқа шыққан ата-әжелер. Бірі ұстаз болса, енді бірі дәрігер, мәдениет қызметкері, жүргізуші, есепші. Қызығы, олардың басым бөлігі – еліміздің әр өңірінен жиналғандар. Батыр аналар да, көпбалалы аналар да бас қосқан.

ЗЕЙНЕТТЕН КЕЙІН ДЕ ӨМІР БАР



Алматы ауданының қайбір мерекелік кешінен тыс қалмайтын өнерлі ұжым – бірқатар қалалық байқаудың жеңімпазы. Бүгінде ұжым қоржынында

әртүрлі деңгейлі жүзден аса марапат бар. Қатарында вокалистер, бишілер, күйшілер бар ансамбль әндері барлық жанрды қамтиды. Халық әндерінен бастап, белді

композиторлардың туындыларынан жинақталған барлығы 55-ке жуық ән репертуарда бар. Өнерпаздардың ішінде тіпті өзі де ән не терме шығарып жүрген

Бексұлтан Төлегеновтің өнерін көпшілік ерекше бағалайды. Әндерді биімен қоштайтын Алтын Алпысбаеваның өнерінен соң, қазақ биінің ерекше иірімдеріне жұртшылық тәнті болады. Осылайша сан қырлы өнерпаздар жиылған ансамбльдің әр мүшесі зейнеттен кейін де өмір барын жеткізгісі келеді.

Міне, осындай талантты жандардан құралған ансамбль халық арасында тағлымды өнерімен танылып, көптің қошеметіне бөленіп келеді. Олар жастық шақта белсенді болды. Қоғам өміріне араласты. Жастық жігерлерін жақсы іске арнады. Уақытпен бірге үндесті. Қарттық келді. Зейнетке шықты. Бірақ игі істен қол үзген жоқ. Кейінгі буынға үлгі болу мақсатында өздерінің өміршең өнерін насихаттап, сахнада аға буын ретінде өнер көрсетіп келеді. Мұндай жандар мақтауға да, мақтануға да лайық.

СПОРТТАҒЫ «ҰРПАҚТАР ҮНІ»

Астана күніне орай Студенттер саябағында «Ұрпақтар үні» жобасы аясында көше және ұлттық ойындар бойынша сайыс ұйымдастырылды.

Жарыста қала тұрғындары, жастар мен жасөспірімдер BMX (велосипедтегі мотокросс), скейтбординг, стритбол, street workout, брейк батл, роллинг, ләңгі тебу, садақ ату, асық ату сынды 15-ке жуық ойында бақ сынады. Жарысты ұйымдастырушы Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бөлім басышы Арайлым Сапарәлінің айтуынша, «Ұрпақтар үні» жобасы аясындағы осындай шара екінші мәрте өткізілді. Басты мақсат – ұлттық спорт пен көше ойындары спортымен айналысатындардың басын қосу. Өткен жылы бұл жарысқа 1000-ға жуық адам жиналса, биыл одан асып, 1500-дей қатысушы болды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕР ЖАРЫСЫ

Астанада жыл сайын өтетін «Жауынгер-интернационалист Қазбек Абдрахманов есімін еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы футбол турнирі» өтті.

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

«Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастыратын жарысқа Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы қолдау көрсетті. Жарысқа Ақмола облысының Ерейментау, Қорғалжын аудандарынан, Степногорск және Астана қалаларынан командалар қатысты. «Тарлан Арена» стадионында доп тепкен балалар спортқа деген құштарлығын көрсетіп, үздіктер анықталды. Бірінші орынды Степногорск қаласының «Оқжетпес» командасы еншілессе, «Эверест-Астана» аула клубының футболшылары күміс жүлдегер атанды. Тағы бір елордалық «Қазбек» командасы үздік үштікті түйіндеді. «Әлім» командасы мен Ерейментау ауданы командаларына ұнта-



ландыру сыйлықтары берілді.

Биыл 21-рет ұйымдастырылған жарыстың жүлдегер командаларына кубоктар, дипломдар және медальдар табыс етілді. Сондай-ақ жарыстың үздік ойыншыларына номинациялар бойынша сый-

лықтар табысталды. Ал әкесін еске алуға арналған жарыстың жүлдегер командаларына Дис Казбекұлы Абдрахманов аулеті атынан қаржылай сыйақы берді.

– Бұрынғы Целиноград, қазіргі Астанамызда туып-өскен Қазбек Абдрахманов Ауғанстан

соғысында ерлік көрсеткен, бейбіт өмірде қоғамдық жұмыстар атқарған өте белсенді майдангер досымыздың бірі еді. Бірақ өмірден ерте озып кетті. Алайда оның есімі жадымызда, соның бір айғағы – биыл 21-рет өткізіп отырған жарысымыз. Дәстүрлі жарысымыз жақсы өтті деп айта аламыз. Жасөспірімдер бар өнерлерін ортаға салды. Жарыстың жақсы өтуіне қолдау білдірген Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасына үлкен рахмет айтамыз, – дейді осы жарыстың негізгі ұйымдастырушысы болған Астана қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» ҚБ төрағасы Миранбек Тулекпаев.

Астана қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері 8-9 шілде күндері Ауған соғысының батыры, «Қара майор» аңыз атымен танылған Борис Керімбаевтың 75 жылдығына орай ардагерлер ұйымдары арасында волейболдан республикалық жарыс ұйымдастырады.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ НЫСАНЫ ӨТІНІШТЕР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Салықтарды төлеуге, әлеуметтік төлемдерді есептеуге, әкімшілік айыппұлдар бойынша түсініктемелерге, тұрғын үй мәселелеріне және басқа да мәселелерге қатысты әртүрлі мәселелерді шешу үшін еліміздің кез келген мемлекеттік органдарына жиі жүгіну қажет болуы мүмкін.

Көбінесе азаматтар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек қатынастары және т.б. сол сияқты ерекше маңызды мәселелер бойынша жүгінеді.

2021 жылдан бастап Мемлекет басшысының «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мемлекеттік органдардың азаматтардың жолданымдарымен жұмыс істеу тәсілі өзгерді.

Бүгінгі таңда egov.kz порталында құрылған электронды жолданымдардың «E-otinish» АЖ бұл мәселелерді шешуге көмектесуде. Электрондық жолданым беру үшін egov.kz порталына тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет.

Бұл – заңды күшіне енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (Бұдан әрі – ӘРПК) аясында қаралатын азаматтардың барлық өтініштеріне арналған бірыңғай ақпараттық жүйе.

Сонымен қатар, азаматтар мемлекеттік органға келіп, жазбаша жолданым жазған сияқты заңды күші бар, қаладағы ХҚКО филиалдарында орналасқан «e-Натиге» қызметі арқылы да өтініш бере алады.

Электрондық жолданымдардың маңызды артықшылықтары – жолданымдарды үйден шықпай немесе мобильді қосымша арқылы мемлекеттік органға жіберу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар жеке кабинет арқылы нақты уақыт режимінде жолданымның қаралу барысын бақылау және қадағалау мүмкіндігі.

2023 жылдың өткен кезеңінде 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда келіп түскен өтініштердің көбеюі «E-otinish» АЖ-ның шағымдар мен өтініштерді беру тәртібін айтарлықтай жеңілдеткенінің дәлелі болып

табылады.

Мәселен, 2023 жылдың 5 айында елорданың мемлекеттік органдарына түрлі сұрақтар мен шағымдармен 77 мыңнан астам жолданым түскен, бұл өткен жылмен салыстырғанда 40%-ға (54 916) көп.

Бұл ретте, ӘРПК өтініштерді қарау тәртібін егжей-тегжейлі реттейді, әкімшілік органдарға қосымша талаптарды белгілейді, атап айтқанда, істің барлық мән-жайларын зерделейді, жауапқа қанағаттанбаған жағдайда шағымдану тәртібін түсіндіреді.

Сонымен қатар, жолданым берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тартылған жағдайда, мемлекеттік орган жолданым берушіге тыңдау рәсімі арқылы (бейнеконференцбайланыс, басқа да ақпараттық жүйелер мен байланыс құралдары арқылы) өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беруге міндетті.

Сонымен қатар, жолданымдарды қарау мерзімдерін қысқартылды, осылайша арыз негізінде қозғалған әкімшілік іс-жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күннен он бес жұмыс күніне дейін қысқартылды, ал шағымды қарау мерзімі небәрі 20 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Және де, азаматтар мемлекеттік органның шешімімен келіспеген жағдайда, сотқа жүгінер алдында әкімшілік актісіне немесе әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан органға немесе жоғары тұрған органға шағымдануы тиіс.

Елорданың мемлекеттік органы жолданымды тіркеуден бас тартқан немесе оған уақытылы жауап бермеген жағдайда, Сіз «Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша Басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «E-otinish» немесе «e-Натиге» АЖ-лары арқылы жүгіне аласыз.

А.АДИЛБЕКОВА,
ҚР БП ҚСЖАЕК
Астана қаласы
бойынша
басқармасының
бөлім прокуроры

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ АЛУ ТӘРТІБІ

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Астана қаласы бойынша басқармасы соттылықтың болуы/болмауы туралы анықтаманы «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы, «eGov mobile» мобильді қосымшасы, EgovKzBot 2.0 Telegram-боты, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдары арқылы алуға болатындығын хабарлайды.

Сонымен қатар, анықтама-ны ақпарат сұралған тұлғаның келісімімен «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы

үшінші тұлғаларға беруге болады («Жеке кабинет» немесе SMS-растау арқылы).

Дайын қағаз нысандағы анықтаманы (шетелге шыққан жағдайда) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдарынан беріледі.

Электрондық нысандағы анықтаманы ұсыну мерзімдері: жеке сауалнамада сәйкестіктер болмаған жағдайда – 10 минут, қосымша тексеріс жүргізілсе (жеке сауалнамада ұқсас сәйкестіктер болса) – 5 жұмыс күні.

Облыс орталықтарында,

маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдарынан қағаз нысандағы анықтаманың нәтижесін (шетелге шыққан жағдайда) алу мерзімі – 5 жұмыс күні, ал басқа «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» бөлімдерден – 10 жұмыс күні.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер ұсыну:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Азаматтар /Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту/ Жұмысқа орналастыру және жұмыс іздеу бөлімінде жүзеге асырылатынын хабарлайды.

М.МҰҚАНОВА,
Құқықтық ақпаратты
қалыптастыру
бөлімінің прокуроры

Газетіміздің келесі саны 2023 жылдың 1 шілде күні шығады.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ-ТЫҢ СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ТҰЛҒАСЫ КЕЛЕСІ КЕПІЛ МҮЛІККЕ САУДА-САТТЫҚ ЖАРИЯЛАЙДЫ:

№1 Лот.

Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Орлықөл к-сі, 11Б-ғим. мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы 0,16120 га бөлінбейтін учаскесі бар, жалпы ауданы 957,30 ш.м. қойма үй-жайы (к.н. 21:319:061:939:11Б).

Бастапқы бағасы – 48 200 405 теңге. Кепілдік жарна – 3%. Сату әдісі – Голланд.

Бастапқы бағаның 3% мөлшерінде кепілдік жарна төменде көрсетілген деректемелер бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ сенім білдірілген тұлғасының шотына енгізілуі тиіс.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру үшін қажетті құжаттардың тізімін алу үшін сенім білдірілген тұлғаға жүгіну қажет.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер 2023 жылғы 06 шілде сағат 18.00-ге дейін Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, 310-кабинет мекенжайы бойынша

қабылданады.

Сауда-саттық 2023 жылғы 07 шілде сағат 15.00-де Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, 310-кабинет мекенжайында өтеді.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін соңғы бағаны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы сатып алу сомасын бес жұмыс күні ішінде қолма-қол ақшамен банктің чегі түрінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да есеп айырысу тәсілімен толық көлемде енгізуге тиіс.

Сенім білдірген тұлғаның деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Нургуль Мамытбаевна Шинарбаева, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 17, шот KZ326010011286000190, БСК HSBKZZKX, БСН 940140000385, КБЕ 14. Сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша анықтамалар үшін телефон 8 (702) 1018420

№2 Лот.

Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік Шығыс (оң жағы), Көкпар т.к-сі, 9-үй мекенжайы бойынша орналасқан 0,1177 га жер телімі бар, аула құрылыстары бар жалпы ауданы 917,7 ш.м. тұрғын үй (к.н. 21:318:050:482:9А)

Бастапқы бағасы – 164 458 135 теңге. Бастапқы бағаның 3% мөлшерінде кепілдік жарна.

Сату әдісі – Голланд.

Бастапқы бағаның 3% мөлшерінде кепілдік жарна төменде көрсетілген деректемелер бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ сенім білдірілген тұлғасының шотына енгізілуі тиіс.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру үшін қажетті құжаттардың тізімін алу үшін сенім білдірілген тұлғаға жүгіну қажет.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер 2023 жылғы 06 шілде сағат 18.00-ге дейін Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ.,

17, 310-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Сауда-саттық 2023 жылғы 07 шілде сағат 15.00-де Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, 310-кабинет мекенжайында өтеді.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін соңғы бағаны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы сатып алу сомасын бес жұмыс күні ішінде қолма-қол ақшамен банктің чегі түрінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да есеп айырысу тәсілімен толық көлемде енгізуге тиіс.

Сенім білдірген тұлғаның деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Нургуль Мамытбаевна Шинарбаева, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 17, шот KZ326010011286000190, БСК HSBKZZKX, БСН 940140000385, КБЕ 14. Сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша анықтамалар үшін телефон 8 (702) 1018420.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Астана қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайы бойынша орналасқан «Астана-Теплотранзит» АҚ тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беруді өткізеді.

Тыңдау 2023 жылғы 21 шілдеде сағат 15.00-де Астана қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайындағы «Астана-Теплотранзит» АҚ ғимаратында өткізіледі, сондай-ақ facebook.com әлеуметтік желісіндегі «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың ресми парақшасы арқылы онлайн режимде таратылады.



БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аталған фестивальдің бір ерекшелігі – арнайы аталым жеңімпаздарын Астана қаласының Қуыршақ театры жанынан құрылған театр студиясының алғашқы түлектері, яғни балалар анықтайды.

Алғашқы күні елорданың Қуыршақ театры «Әжемнің ертегісі» қойылымын ұсынды. Оның авторы әрі қоюшы режиссері – осы саладағы белгілі маман, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмұратова. Балалар Хосэ Наварро театрының (Перу) өнерін тамашала-



ды. Фестиваль шеңберінде шеберлік сабақтары да өтіп жатыр. Соның бірін «Байка-мела» қуыршақ театрының (Сербия) негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және режиссері Амела Вученович «Дәстүрлі қуыршақ театрындағы актерлердің қолғапты қуыршақпен ойнау ерекшелігі» тақырыбында өткізді. Артынша осы театрдың қойылымы қойылды.

Кеше Өзбек Ұлттық қуыршақ театры «Таңғажайып қуыршақтар әлемі» концерттік бағдарламасын, Қостанай облыстық қуыршақ театры «Сен, мен және қуыршақшы» қойылымын (авторы – Х.Юрковский, қоюшы режиссері – В.Чистый) көрсетті. Ал «Туулевски» қуыршақ театры (Эстония) Ш.Перро ертегісі желісімен қойылған «Қызыл телпек» ертегісін (қоюшы режиссері – А.Вученович) ұсынды.

Бүгін балалар Солтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театрының және Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театрының қойылымдарын тамашалай алады. Өзбекстанның еңбек сіңірген әртісі Муниса Игамназарова қуыршақ жүргізу бойынша шеберлік сабағын өткізеді. Ертең Темпо театры (Түркия) және Шэньчжэнь қаласының қуыршақ театры (Қытай) өнер көрсетеді. Фестивальдің соңғы күні Маңғыстау облыстық қуыршақ театры және Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры қойылымдарын ұсынып, шара гала-концертпен жабылады.

БҰҚАРАЛЫҚ ВЕЛОШЕРУ

Бас қалада Астананың 25 жылдығына арналған жаппай бұқаралық велошеру өтті. Оған 400-ден астам адам қатысты. Шараның ашылуына Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің орынбасары Илияс Оспанов, Сыртқы істер министрлігінің комитет төрағасы Жан Ғалиев қатысып, жиналғандарды Астана мерейтойымен құттықтады.



– Аталмыш бәсеке жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Өзім де екінші мәрте қатысып жатырмын. Алдағы уақытта тек велоспорт қана емес, жүзу, жүгіру, басқа да бұқаралық спортты насихаттайтын мерекелер көп болады деп сенемін, – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев.

Велошеруге қатысқандар Қосшыға қарай апаратын айналма веложолдан қозғалып, Үркер тұрғын алабы жолындағы «Жасыл белдеу» саябағында мәреге жетті. Шараның ерекшелігі – мәреге жеткен қатысушылардың барлығына

медаль тапсырылып, жүлделі орындар берілмеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталмыш шара спорттық жарыс болып саналмайды. Велошерудің басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және қала тұрғындарын дене шынықтырумен, соның ішінде велосипед спортымен белсенді айналысуға тарту болып саналады.

Бұқаралық велошеру аяқталғаннан кейін, мәреде тіркелген велосипедшілер арасында лотерея ойнатылып, қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«FILARMONIA FEST-2023» ҚЫЗЫҚТАРЫ

Астананың 25 жылдығын мерекелеу аясында елорда әкімдігінің қолдауымен Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы «Filarmonia Fest-2023» музыкалық фестивалін ұсынды.

Жоба қазақстандық музыкалық мәдениетті таныту, отандық өнердің гуманистік және рухани бағдары арқылы халықтың әртүрлі топтарын тәрбиелеу және көркем шығармашылыққа баулу мақсатында ұйымдастырылды. Оған филармонияның шығармашылық ұжымдары мен солистері, барлығы 500-ге жуық әртіс қатысты. Фестивальдің өтуіне балалар шығармашылық ұйымдары және білім беру студиялары, Астаналық цирк әртістері, Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері атсалысты.

Алдымен «Музыка балалар көзімен» атауымен «Бормен сурет салу», «Мүсін», «Композиция» атты үш аталым бойынша балалар байқауы ұйымдастырылды. Байқау қорытындысы бойынша үздік шыққандар марапатталды. Ал қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Астана – бақытты балалық мекені» атты әдеби променад өткізді. Соның аясында «Кел, оқиық, бүлдірші!» буккроссинг шарасы, «Кітаппен әлем жарқын және мейірімді» безендірілген кітап көрмесі, «Бала – елдің ертеңі» атты қызықты викториналық ойындар, «Балдырған» журналының 65 жылдығы аясында «Журнал

оқып өсеміз» атты танымдық сағат өтті.

Астаналық филармонияның «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі және үрлемелі оркестрдің «Музыкалық аспаптар әлеміне саяхат» атты жас музыканттарға арналған шеберлік сабақтарында балалар музыканың қыр-сырын біліп қана қоймай, музыкалық аспаптардың құрылысымен танысты.

Филармония ұжымдарының қатысуымен Есіл өзенінің жағасында және елордалық Арбат бойында шеруі өтті. Оған «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі, «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Алем» заманауи би балеті, камералық хор, үрлемелі оркестр, эстрадалық вокал бөлімінің әртістері қатысты. Қазақ оркестрі мен «Халық әні» бөлімінің әншілері әкімдік алдындағы амфитеатрда өнер көрсетті. Халық F.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартетінің концертін де тамашалады.

Филармония алаңында өнер ошағының барлық ұжымдарының қатысуымен елорданың 25 жылдығына арналған 25 санын бейнелеу флешмобы



өтті. «Филармония – елорданың музыкалық магниті» эссе байқауының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталды. Астаналық филармонияның насихаттап келе жатқан БАҚ өкілдері елеусіз қалмай, оларға журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында алғыс хат пен естелік сыйлықтар тапсырылды. Марапатталғандардың арасында «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» басылымдары мен осы газеттердің журналистері болды. Фестиваль филармонияның барлық ұжымдарының гала-концертімен аяқталды.

